

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА  
БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ**

**Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық  
институты**

**Филология факультети  
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы**

**«КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ»**

**Дайындаған: ассистент. Б.Бекниязов**

**НӨКІС- 2010**

## Кірісу. Көне түркі тілінің сөз ететін мәселелері

### Жоспары:

1. Пәннің мақсаты мен міндеті
2. Ескерткіштердің зерттелу тарихы
3. Ескерткіштерді зерттеген ғалымдар, еңбектері

Тірек сөздер: Ескі түркі тілі пәнінің зерттеу объектісі, түркі ескерткіштері туралы ең алғаш хабарлаған адам, Т.Сталенбергтің еңбегі, белгісіз жазуларды оқудағы В.Томсеннің еңбегі, V-VIII ғасырларға тиісті түркі ескерткіштерін зерттеген ғалымдар: Н.М.Ядринцев, Г.Спасский, В.В.Радлов, Х.Н.Оркун, С.Е.Малов т.б. ғалымдар еңбектері туралы.

Дүние жүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өздеріне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық, ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді. Түркі тайпалары халық ретінде дүние жүзіне біздің дәуіріміздің VI ғасырының орта кезінен бастап -ақ белгілі бола бастады. Түркі тайпадары туралы құнды деректерді біз Батыс Европадағы Византия материалдарынан көбірек кездестіреміз. Бұлармен қатар түркі халықтары туралы қыруар мәліметтерді біз сол түркі тайпаларының өздері жасап артында өшпес мұра етіп қалдырған жазба туралы жазылған деректер аз емес.

Бұл пән кейінгі курстарда оқытылатын «**Тарихи грамматика**», «**Әдеби тіл тарихы**», «**Диалектология**» т.б. негізгі пәндердің алғашқы баспалдағы болып саналады. «Ескі түркі тілі» пәні әрі қызық, әрі қиын. Қызықтылығы сол -студент алғаш рет ата-бабасының алфавитін, сол алфавитпен жазылған ескерткіштерінің сырын ашады. Қиындығы- «Ескі түркі тілі» пәні курсына студент тек әріп жазумен ғана шектелмейді, ескі түркі ескерткіштерінің фонетикалық жүйесі-дауысты, дауыссыз дыбыстар классификациясы ,дыбыстық заңдылықтар, дыбыстардың сәйкестігі, буын және оның түрлері, лексикология(омоним, синоним, антоним, полисемантизм, түркі тілдеріне ортақ сөздер, сонымен қатар грамматика (морфология, синтаксис) толығымен қамтылады. Курстың алға қойған негізгі міндеті 6-8 ғасырлардағы ескі түркі жазба ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктерінен жүйелі білім беру. Түркі халықтарының тарихи мұраларын шын мәнінде бағалай білу, олардың тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына екендігін көпшілікке жеткізу - кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі. Біз көне жазба нұсқаларынан тасқа қашалған мынадай сөздерді кездестіреміз: «Түркі бектері мен халық мұны естіндер. Қандай сөздерім болса ,соларды мәңгі мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды көріңдер, ұғыңдар». Бұл сөздер арнаулы түркі халықтарының кейінгі ұрпақтарына арналған.

Орхон - Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы 17-ғасырдың екінші жартысынан басталады. Ең алғаш рет (1662ж) Орхон - Енисей жазуы жөнінде хабар берген адам-Амстердам қаласының бургомистрі Н. Витзен.

1697 жылы Тобыл қаласының бояры С.Ремезовтың «Сібір қалаларының, шөл далалары мен таулы жерлерінің чертежі» атты еңбегі жарық көрді. Сол еңбекте Талас бойындағы «Орхон тасы» деген жер атап көрсетіледі. Көне түркі жазба нұсқаларын зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша осы жер 1896-1898 жылдардағы Талас ескерткіштері табылған тұсқа сай келеді. Ал Орхон-Енисей ескерткіштерінің үлгілерінің алғаш жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда жүрген швед офицері Т.Страленбергтің атымен байланысты. Оның 1730-жылы Стокгольм қаласында неміс тілінде жарық көрген «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» деген еңбегінде көне түркі ескерткіштері туралы көптеген қызықты мәлімет берілді.

1793 жылы С.П.Паллас көне түркі жазба нұсқаларының кейбір үлгілерін жариялайды. Міне осы кезден бастап көне түркі жазбаларының жаңа дәуірі туды. Оларды жинау, бастыру мәселелері жедел қолға алына бастады.

«Сібір хабарлары» деген журналда Г.И.Спасскийдің «Сібір естеліктерінің жазбалары» деген мақаласы жарияланады. 1889жылы Н.М.Ядринцев бастаған Орыс географиялық қоғамының Шығыс - Сібір бөлімі экспедициясы Монғолиядағы Орхон өзені бойынан екі үлкен ескерткіш тауып, түркология ғылымына елеулі үлес қосты. Оның бірі Күлтегінге, екіншісі-Білге қағанға (Могилянға) арналған ескерткіштер еді. Осыдан көп кешікпей-ақ 1890 жылы Г.Гейкель бастаған фин және және 1891жылы В.В.Радлов басқарған экспедициялар Монғолияға барып, Орхон және Енисей бойындағы ескерткіштерді зерттеп қайтты. Екі экспедицияның қорытынды материалдары өз алдына жеке еңбек болып басылып шықты.

Ескерткіштердің тылсым сырын ашып, оларды оқу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бірақ ғалымдардың алғашқы ізденістері сәтсіз аяқталды. Жазулар жөнінде олардың арасында әрқилы теріс пікірлері мен қате болжамдар өріс ала бастады. Мысалы, бұл ескерткіштерді Т.Байер ескі кельт жазуына, Тихзен гот жазуына, А.Ремюза усын, индокот, скандинавия елдері жазуына, Г.Спасский қалмақ не монғол жазуына жатқызады.

Қалай болған күнде де белгісіз жазулардың сырын ашып, оларды оқып, қай елдікі екендігін айыру ғалымдарға үлкен тарихи міндет жүктеді. Жазуды қалай оқу керек, оңнан ба, жоқ керісінше ме, ол буын жазуы ма, жоқ дыбыстық жазу ма, олардың дауысты, дауыссыздары қайсылар деген ойлар ғалымдарды талай әуре-сарсаңға салды.

Белгісіз жазуларды оқып, талдау Дания елінің ғалымы В.Томсеннің үлесіне тиді. Ол ең алдымен ескерткіштердегі кейбір таңбалардың басқа екінші таңбалармен қатар келетін және келмейтін ерекшеліктеріне назар аударды. Бұдан ол көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың қлдануына байланысты жуан және жіңішке айтылатын екі жүйе бар екендігін анықтады.

В.Томсен жазуды солдан оңға қарай емес, керісінше оңнан солға қарай оқу керек деген көрегендік қорытындыға келді. Ол ескерткіштердегі таңбаларды салыстырып, онда 38 негізгі таңба бар екендігін анықтады. Сөйтіп данышпан ғалым 1893 жылы 15-декабрь күні Дания королінің ғылыми қоғамы мәжілісінде жасаған 15 беттік баяндамасында сол күнге дейін белгісіз, құпия болып келген жазулардың кілтін тауып, оның түркі халықтарының төл жазуы екендігін дүние жүзі алдында дәлелдеп берді. В.Томсеннің бұл еңбегін В.Розен 1894жылы орыс тіліне аударып, бастырып шығарды. В.Томсеннің тюркология мәселелеріне арнап жазған еңбектері онша көп емес, бірақ тюркология ғылымы алдында оның ашқан жаңалығы, табысы аса ірі жетістік деп бағаланады. ”алым ежелгі түркі жазуларының сырын ашып, оны оқумен ғана қанағаттанып қойған жоқ, ол сондай-ақ бірсыпыра Орхон ескерткіштерінің аудармаларын жасап, кезінде оны жұртшылықпен кеңінен таныстырды. Оның ескі түркі ескерткіштері жөнінде екінші еңбегі 1896 жылы Гельсингфорг қаласында жарық көрді. Ол өз еңбегінде Орхон-Енисей алфавиті, дауысты және дауыссыз дабыстар туралы, Орхон алфавитінің пайда болуы туралы, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді ажырататын қос нүкте т. б. жөнінде деректер береді. Сонымен бірге ғалымның бұл еңбегінде VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары мен олардың әдет-ғұрыптары жөнінде қыруар мәліметтер беріледі.

Ескі түркі жазуларын жете тексеріп, оны зерттеуге айрықша көңіл бөлген ғалымдардың бірі-В.В.Радлов. Ол бірінші болып Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің аудармаларын жасады. 1894-1895жылдары Кошо-Цайдам, Онгинжәне басқа да бірсыпыра үлкенді-кішілі ескерткіштердің аудармаларын жасап, бастырып шығарды. Оның көптеген еңбектері Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктеріне арналды. Ескі түркі ескерткіштерін зерттеу үстінде В.В.Радлов оның тілінің біркелкі емес, оның құрамында говорлардың іздері бар екендігін одан әрі анықтай түсті. Ол өзінің 1912жылғы «Түркі ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінде ескерткіштер тілінде үш диалектілік ерекшеліктер бар деген тоқтамға келді.Олар:

1. Ежелгі солтүстік диалекті (бұған түркі тілдерін жатқызады)
2. Ежелгі оңтүстік диалекті(оған ұйғыр тілін жатқызады)
3. Аралас диалекті (бұған батыс және шығыс көне түркі тілдерін жатқызады)

В.В.Радлов Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеуде елеулі еңбек сіңірді. Бұған С.Е.Маловтың «Академик В.В.Радлов дал все, что он мог дать и дал он очень много. Мало того не всем известно все то ,что осталось не печатанным самим Радловым» деген сөзі толық дәлел бола алады. Тюркология тарихында ХІХ ғасырдың бас кезі Радлов дәуірі деп аталуының да өзіндік сыры бар.

Орхон - Енисей ескерткіштерін зерттеуге үлес қосқан орыс ғалымдарының бірі-П.М.Мелиоранский. Ол өзінің қысқа ғұмыры ішінде 40-тан аса еңбек жазып қалдырды. Сол еңбектерінің жартысынан көбі тюркология мәселелеріне арналған. Бұлардың ішінде ең шоқтығы биігі -

Күлтегін ескерткішін зерттеген еңбегі. Ол 140 беттен тұрады. Оның кіріспе бөлімінде ескерткіштердің зерттелуі мен түркі тайпаларының тарихы, этнографиясы жөнінде қыруар деректер берілген. Кіріспеден кейін ескерткіштің дыбыстық ерекшеліктері, дауысты және дауыссыз дыбыстардың қолданылуы үндестік заңы т.б. жөнінде бірсыпыра мәліметтер келтірілген. Бұдан кейін ғалым ескерткіштің лексикалық ерекшеліктері мен Күлтегіннің орысша аудармасы, транскрипциясына біраз көңіл бөледі. Еңбектің соңғы беттері ескерткішке байланысты ескертпелерге арналған. П.М.Мелиоранскийдің еңбектерін Н.Ф.Катанов жоғары бағалады.

Енисей, Талас, Орхон ескерткіштеріне арнап В.В.Радлов, В.Томсен, В.Бартольд, А.Н.Бернштам, С.Е.Малов, И.А.Батманов, Х.Н.Оркун, В.Л.Котвич сияқты Ылы ғалымдар көптеген еңбектер жазды. Бірақ бұған қарап VI-VIII ғасырлардағы Енисей, Орхон және Талас жазу ескерткіштері жан-жақты түгелдей зерттеліп бітті деген ұғым тұмауға тиіс. Өйткені өз еңбегінің денін осы ескерткіштерге арнаған С.Е.Маловтың «Мен өз қолымнан келгенін ғана істедім . Ал алда бұл салада істелетін жұмыстар әлі де қыруар «деген сөзі әлі де күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Ескі түркі тілі» пәнін не үшін үйренеміз ?
2. Түркі ескерткіштері туралы ең алғаш хабарлаған адам кім ?
3. Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы қай ғасырлардан басталады ?
4. Түркі ескерткіштерінің қай халыққа тән жазу екендігін бірінші рет кім, қашан дәлелдеді?
5. Көне түркі ескерткіштерін тауып, зерттеген қандай ғалымдар ?
6. Ескі түркі ескерткіштеріне арналған В.В.Радловтың қандай еңбегі бар?

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғ.Айдаров. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі». Алматы 1992 жыл
2. Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы 1990 жыл
3. М.Томанов. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы». Алматы 1988 жыл
4. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. Москва, 1982 г.
5. А.С.Аманжолов. «Тюркская руническая графика». Алматы 1988.

## Көне түркі жазба ескерткіштерінің түрлері

### ж о б а с ы

1. Енисей ескерткіштері, сипаттама, табылған жерлері.
2. Талас жазу ескерткіштері, табылған жерлері
3. Орхон ескерткіштері, түрлері

Тірек сөздер: ескі түркі ескерткіштерінің негізгі үш түрі туралы, Енисей ескерткіштерінің табылған жері, олардың жалпы саны, Енисей ескерткіштерін зерттеген ғалымдар: Кастрен, Ошурков, Клеменц, Енисей ескерткіштері көне түркі ескерткіште рінің ішіндегі ең көнесі, Талас ескерткіштеріне Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады, оларды зерттеген ғалымдар:М.Мелиоранский, Ю.Немет т.б. Орхон ескерткіштері, олардың негізгі түрлері: Құтлығ қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын Чор т.б. олардың зерттелу тарихы т.б.

Географиялық, тілдік және графикалық ерекшеліктеріне қарай көне түркі ескерткіштері төмендегідей үш үлкен топқа бөлінеді:

1. Енисей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері
3. Орхон ескерткіштері

Енисей ескерткіштері қатарына: Енисей өзені, Тува автономиялы республикасы, Алтай, Хакас автономиялы облысымен Краснояр өлкесі территориясынан табылған бірсыпыра ірілі уақты ескерткіштер жатады. Қазір Енисей ескерткіштерінің жалпы саны 145-ке жетіп отыр. Оларда әркімдер әр уақытта жоғарыда аталған территориядан тауған. Атап айтқанда мұндай ескерткіштерді алғаш тапқандардың ішінде Ошурков, Месершмидт, Кастрен, Кастров, Карчаков, Кузнецов, Клеменц, Савенков, Троскуряков, Рамсет, Андриянов сияқты ғалымдар мен әр түрлі мамандық өкілдері бар. Сондай-ақ ескерткіштерді іздестіріп табуға көптеген елдердің ғылыми қоғамдары Ұйымдастырған экспедициялар да елеулі үлес қосты. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан өте шағын, олардың ең үлкен 10-15 жолдан, кішілері бір, екі-үш жолдардан тұрады. Олардың бірқатары Хакас автономиялы облысындағы Минусинск қаласындағы өлкетану музейінде, Санкт-Петербург қаласындағы антропология және этнография музейінде, Финляндияның Хельсинки музейінде және т.б. сақтаулы тұр.

Қолдану мерзімі жағынан Енисей ескерткіштері түркі жазбаларының ең көнесі, ол шамамен V-VII ғасырды қамтиды.

1887-1885 жылдары Ж.Аспелин бастаған фин ғалымдары Енисей өзені аңғарына барып, ескерткіштерді өз жерінде зерттеп қайтты. Ол екі экспедиция материалдары 1889 жылдары «Енисей жазбалары» деген атпен жеке еңбек болып жарияланды. Бұдан кейін 1890 жылы Г.Гейкель және 1891 жылы В.Радлов басқарған экспедициялар да Енисей өзендері бойларына барып, ескерткіштерді өз көздерімен көріп, зерттеп қайтты. Экспедиция материалдары да арнайы өз алдына еңбек болып жарық көрді.

Енисей ескерткіштері материалдарын оқып, транскрипцияларын жасап, оларды жариялауда В.Радлов, В.Томсен, П.Мелиоранский, С.Малов, Х.Оркун, В.Котвич және тағы басқа ғалымдар елеулі еңбек етті.

1959 жылы И.А.Батманов Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты «Енисей көне түркі ескерткіштерінің тілі» атты еңбек жазды.

Талас жазу ескерткіштерінің қатарына Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады. Талас өзені бойындағы Айыртам-ой деп аталатын жерден (қазіргі Жамбыл облысы) 1896жылы Әулие ата уезінің бастығы В.А.Каллаур ғылымға үлкен жаңалық болып енген жазуы бар тас тауып алды. Бұл ескерткішті бұдан кейін Г.Гейкель қарап шықты. Оның аудармасын В.Радлов (1890ж), Ю.Немет (1926ж) , С.Е.Малов (1928ж), Х.Н.Оркун (1930 ж) жасады.

Екінші ескерткіш 1898 жылы Талас өзені бойындағы Дмитриевск селосы маңынан табылады. Екінші ескерткіштің аудармасын жасап, жариялағандар: П.М.Мелиоранский, Ю.Немет , С . Е. Малов және Х. Н. Оркун.

Үшінші ескерткіш те 1898 жылы осы маңнан табылды. Аудармаларын Ю. Неме (1926), С.Е.Малов (1936) және Х.Н.Оркун (1930) жасады.

Төртінші, бесінші ескерткіштер де осы жылдары табылды. Бұл ескерткіштердің аудармаларын жасап, жариялауда П. М. Мелиоранский, С.Е.Малов, Ю.Немет т.б. ғалымдар елеулі еңбек етті.

1932 жылға дейінгі табылған Талас ескерткіштерінің бүкіл саны алтау болатын. Кейінгі кездері И.А.Батманов бастаған бір топ қырғыз ғалымдары Талас өзені бойында түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1961 жылы археолог-топограф П.Н.Кожмяко Талас өзені бойынан төрт жолдан тұратын жаңа бір ескерткіш тапты. Дәл сол жылы Қырғызстан “ылым академиясы ұйымдастырған экспедиция мүшелері тағы да жаңа үш ескерткіш тауып, Талас ескерткіштерінің санын арттыра түсті. И.А.Батманов бұрынғы және кейінгі кездерде табылған Талас ескерткіштерін одан әрі арнайы зерттеп, өз алдына кітапша етіп шығарды. Ескерткіштерді зерттеушілердің топшылаулары бойынша Талас жазба ескерткіштері VIII ғасырды қамтиды. Талас ескерткіштерінің басқа ескерткіштерге қарағанда өзінің кейбір графикалық ерекшеліктері бар екені байқалады. Өз еңбектерінің басым көпшілігін осы ескерткіштерге арнаған П. М. Мелиоранский , В. В. Бартольд Талас ескерткіштерін Енисей жазба нұсқаларына жақын деген пікірді қуаттайды. Мұны С.Б.Киселев те жақтап шықты.

Орхон ескерткіштері қатарына VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың басындағы Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын Чор, Күлі Чор ,Суджы т.б. бірқатар ескерткіштер жатады.

Құтлығ қаған (Онгин) ескерткішін 1891 жылы Монғолиядағы Онгин өзені бойынан тапқан-Н.Я.Ядринцев. Жазба нұсқа -Орхон ескерткіштерінің

ішіндегі ең көне ескерткіштердің бірі. Мұнда екінші Түркі қағанатын қайтадан қалпына келтірген Ілтеріс (Құтлығ) қаған мен оның әйелі Ілбілге қатын жөнінде әңгіме болады.

Ілтеріс (Құтлығ) қаған - аты дүниеге әйгілі болған қолбасшы Күлтегін мен Білге қағанның әкесі. Ескерткіште Құтлығ қағанның, Білге қағанның және Күлтегіннің жорықтары туралы қызықты мәліметтер беріледі.

Білге қаған (Могилян) ескерткішін де 1889 жылы Монғолиядағы Орхон өзені бойындағы көне Эрдени Цэу монастырының жанынан Н. Я. Ядринцев тапқан. Ескерткіштегі оқиғалар Күлтегін ескерткішімен дәлме-дәл келеді. Жазба Білге қағанға арналған. Білге қаған- Қапаған қайтыс болғаннан соң қағандық таққа отырған Құтлығ қағанның үлкен ұлы. Ол 683 жылы туып, 734 жылы қайтыс болады. Жазба нұсқада сол дәуірдегі түркі тайпалары: оғыз, қыпшақ, қарлұқ, чік, чігіл, ұйғыр, татар т. б. жөнінде құнды деректер келтірілген. Білге қаған өз заманындағы ақылды қағандардың бірі болған. Түркі қағанатын нығайтуға елеулі үлес қосқан. Ескерткіштегі жазуды жазған қағанның туысы - Иоллығ тегін деген кісі.

Күлтегін ескерткіші Білге қаған ескерткішімен бір кезде табылған. Күлтегін -Құтлығ қағанның кіші ұлы. Талай жорықты басынан өткерген кәнігі қолбасшы. Білге қағанның ел басқарудағы серігі, оң қолы. Ескерткіште Түркі қағанатын нығайту барысындағы Күлтегіннің атқарған ролі ерекше баяндалған. Күлтегін 731 жылдың 27 февраль күні 47 жасында қайтыс болды. Оған көңіл айтуға көптеген жерден елшілер келді. Күлтегіннің өлімі ағасы Білге қағанға қатты батты. «Інім Күлтегін қайтыс болды. Өзім қатты ойландым. Көрер көзім көрместей, білер білігім білместей болды. Өзім көп ойландым. Уақыт өз дегенін істейді, кісі баласы тек өлгелі жаралған ғой» деп қатты қайғырады.

Тоныкөк ескерткішін Д.Клеменц 1897жылы Селенгі өзені бойынан тапқан. Тоныкөк -үш қағанның 692 жылы қайтыс болған Құтлығтың, 716 жылы қайтыс болған Қапағанның және 734 жылы қайтыс болған Білге қағанның әскери кеңесшісі. Табғач елінде оқып, тәлім-тәрбие, әскери білім алған кісі. Білге қағанның қайын атасы, көп жасаған. Бірақ қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Кейбір тарихи деректерге сүйенсек, 716 жылдан кейін қайтыс болды деп шамалауға болады. Ескерткіштегі жазуды жазған Тоныкөктің өзі.

Күлі Чор ескерткішін 1912 жылы Монғолиянын Ихе - Хушоту деген жерінен тапқан - В.Л.Котвич. Ескерткіш тардұш тайпасының көсемі, Күлтегін мен Білге қағанның замандасы Күлі Чорға арналған. Мұнда да түркі тайпалары жөнінде құнды деректер бар. Күлі Чордың қашан, қай жерде қайтыс болғаны белгісіз. Бірақ ескерткіште «Ұлы Күлі Чор сексен жасап қайтыс болды» деген сөйлем кездеседі.

Мойын Чор ескерткішін 1909 жылы Селенгі өзені бойынан тапқан - Г.И.Рамстедт. Ескерткіш Ұйғыр мемлекетінің ең ілкі қағаны Мойын Чорға арналған. Ол 745 жылы Түркі қағаны Озмыш тегінді өлтіріп, Түркі

қағанатын біржолата құлатады. Селенгі өзені бойынан тұңғыш ұйғыр қағанатын орнатып, көптеген қалалар мен сарай салдырады. Оның қабырғаларына өз жорықтары туралы жазулар жазып қалдырады. Орхон ескерткіштері қатарына бұдан да басқа бірнеше ұсақ ескерткіштер кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көне түркі ескерткіштері неше топқа бөлінеді?
2. Енисей ескерткіштеріне қайсы ескерткіштер жатады ?
3. Енисей ескерткіштерін қайсы ғалымдар зерттеген?
4. Талас жазу ескерткіштеріне қандай ескерткіштер жатады, олардың жалпы саны қанша?
5. Орхон жазу ескерткіштеріне қай ескерткіштер жатады, олардың негізгі түрлерін атаңыз ?
6. Көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі жазылу мерзімі жағынан ең көнесі қайсысы?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Айдаров. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы 1992 ж.
2. Г.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі». Алматы, 1990ж
3. В.В.Радлов. «Опыт словаря тюркских наречий». Москва
4. А.С.Аманжолов. «Тюркская руническая графика». Алматы, 1988 г

Көне түркі тілінің фонетикасы дауысты дыбыстар  
ж о б а с ы:

1. Түркі тілдер тарихындағы ең алғашқы алфавит
2. Дауысты дыбысты көрсететін таңбалар
3. Көне түркі тіліндегі созылыңқы дауыстылар туралы.

**Тірек сөздер:** Ескі түркі алфавиті-түркі тілдері тарихындағы ең алғашқы алфавит, ескі түркі алфавитін зерттеген ғалымдар: В.В.Радлов, В.Томсен, С.П.Толстов, О.Доннер, олардың пікірлері, алфавиттегі негізгі 38 таңба, дауысты дыбыстар, ескерткіштердегі төрт таңба түркі тілдеріндегі сегіз дауысты дыбыстың орнына қолданылады, дауысты дыбыстардың қолданылу ерекшеліктері, созылыңқы дауыстылар туралы т.б.

Ерте заман жазба ескерткіштерінің тілін зерттегенде оның жазуының ерекшеліктері мен тарихын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ретте алдымен жазу қолтума ма, немесе өзге жұрттық па, белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін бере ала ма, қандай тілдік өзгерістерге ұшыраған деген сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді.

Енисей, Орхон және Талас ескерткіштерінің түрі туралы сөз қозғаудан бұрын, онда қолданылған алфавит жөнінде айта кеткен орынды. Түркі тілдің тарихындағы ең алғашқы алфавит осы жазулар алфавиті болып есептеледі. Енисей, Орхон және Талас ескерткіштерінің тарихи тамыры мен оның

таралу жолдары жөнінде күні бүгінге дейін бір ізділік жоқ. Орхон-Енисей алфавитінің түп- төркіні жөнінде тюрколог ғалымдар арасында бірталай талас пікірлер бар. В.Томсен, В.Радлов, С.П.Толстов, П.М.Мелиоранский, О.Доннер, Е.Блоше- Орхон-Енисей жазуының әріптерін арамей жазуынан тараған деп қарайды. ”алымдардың айтуынша , арамей әріптері көне еврей, сирия алфавитімен бірге финикия жазуының негізінде пайда болған .Осыған орай В.Радлов, С.В.Киселев және И.А.Батманов жазуды шығыстан емес, батыстан келген болуы керек деп топшыласа, тарихшы С.Г.Кляшторный бұл алфавитті Орта Азияға арамей алфавитін қолданған иран тілді батыс көршілерден ауысуы ықтимал, әсіресе « Дуньхуандық көне соғды» алфавиті негізінде пайда болған деген пікірді қуаттайды.

Г.И.Спаский, М.А.Кастрен және Г.Вамбери Енисей шатқалдарынан табылған жазуларды Сібір татарларының ру таңбаларымен сәйкес алып қарады. Бұл пікірді Н.А.Аристов пен Н.Г.Малницкий де қостады. П.М.Мелиоранский Енисей және Талас жазулары таңбалар негізінде пайда болды деген пікірді сынап отырса да, көне түркі таңбалары осы жазу үлгілерінің негізі болуы мүмкін деген пікірді мүлде теріске шығармайды.

Г.Вамбери Орхон - Енисей алфавитінің ерекшеліктері жөнінде айта келіп : « Бұл алфавит ықшамды емес, сондықтан VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін зерттеу мүмкін емес « деп қарады.

П. М. Мелиоранский болса , керісінше, Енисей, Орхон және Талас алфавитін сол кездегі «түркі тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген ,түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған « деп бағалады.Түркі халықтары қолданған ұйғыр, араб жазуларымен салыстыра отырып, В. В. Бартольд түркі тайпаларының Орхон-Енисей алфавитін кең түрде пайдаланғанын, оның үндестік жағынан Ұйғыр, араб алфавитінен әлдеқайда тиімді екендігін атап өтеді.

Жоқарыда аталған жазулардың ең ескісі-Талас жазба ескерткіштері В.Радлов, П.М. Мелиоранский, С. Е. Малов сияқты ғалымдар Орхон жазуларымен салыстырғанда Енисей жазуы әлдеқайда көне деп есептейді. Енисей, Орхон және Талас жазуы сонау Табғаш іргесінен басталып Орта Азия мен Венгрия жеріне дейін тарап кең жайылған. Осыған орай бұл жазулардың өзара толып жатқан ұқсастық жақтарымен қатар олардың арасында жазылу ерекшеліктері де кездеседі. Солай бола тұрса да, Енисей, Орхон және Талас жазулары қалай болса солай оқыла беретін жеңіл-желпі жүйесіз жазу емес. Оны кез келген кісі оқи алмайды. Оның өзіндік фонетикалық ерекшеліктері бар: таңбалардың бір-бірімен тіркес келетін де, келмейтін де ерекшеліктері болады, жазуда әрбір дыбыс кем дегенде, бір не болмаса әлденеше таңбалар арқылы беріледі. К дыбысы таңбалары арқылы берілсе, п дыбысы тек бір таңба арқылы беріледі. Ал керісінше кейбір дыбыс тіркестері бір таңба арқылы беріледі. Мысалы, лт- \_\_ , нч - \_\_, нт - \_\_, баш - \_\_. Кейбір дауыссыз дыбыстардың таңбасы жуан айтылатын дауыстылармен тіркесіп келгенде бір түрлі, жіңішке

айтылатын дауыстылармен тіркесіп келгенде екінші түрлі болып өзгеріп отырады.

Енисей, Орхон және Талас жазуларындағы төрт таңба түркі тілдеріндегі сегіз дауысты дыбыстың орнына қолданылады.

Орхон жазуында	Енисей,Талас жазуында	Әріптік мәні
		Аа, Ее, (Ээ)
		Ыы, Іі
		Оо, Уу

Әрбір дауысты дыбыстың төмендегідей ерекшеліктері бар. \_\_\_\_\_-қазақ тіліндегі екі дауысты:езулік тіл арты, « а « және «е» дыбыстарынын орнына қолданылады. Текстерде сөз басында және сөз ортасында а, е дауыстылары өте сирек кездеседі. Олар тек төмендегідей бірен-саран сөздерде ғана жазылады.

Сөз басында \_\_\_\_\_ ачсық - аш , \_\_\_\_\_ атын - оның атын.

Сөз ортасында: \_\_\_\_\_ апам - менің апам

Көпшілік жағдайында а, е дауыстылары сөз басында кездеспейді, бірақ оқуда олар ескеріледі.

А сөз басында \_\_\_\_\_ адағ, атақ -аяқ , \_\_\_\_\_ адғыр -айғыр

А сөз ортасында: \_\_\_\_\_ қаған - қаған, \_\_\_\_\_ йағы.

А сөз соңында: \_\_\_\_\_ бунча - осынша, \_\_\_\_\_ йазықа- жазыққа

Е сөз басында: \_\_\_\_\_ еб-үй, \_\_\_\_\_ едгү - игі, жақсы

Е сөз ортасында: \_\_\_\_\_ йір, йер - жер, \_\_\_\_\_ тер - тер.

Е сөз соңында: \_\_\_\_\_ білге - білгіш, дана, \_\_\_\_\_ не - не

\_\_\_\_\_ -қазақ тіліндегі екі дауысты : қысаң , езулік , тіл алды « ы « және тіл алды « і « дауысты дыбыстарының орнына қолданылады . Сөздің барлық шенінде келе береді.

Ы сөз басында: \_\_\_\_\_ ыдуқ - қасиетті, \_\_\_\_\_ ығач - ағаш.

Ы сөз ортасында \_\_\_\_\_ йыл-жыл, \_\_\_\_\_ арығ-таза,ару

Ы сөз соңында: \_\_\_\_\_ аты - оның аты, \_\_\_\_\_ алы-алып,ала

І сөз басында: \_\_\_\_\_ ічре - ішке, \_\_\_\_\_ іді - ие, қожасы

І сөз ортасында \_\_\_\_\_ біз - біз, \_\_\_\_\_ кісі - кісі.

І сөз соңында \_\_\_\_\_ екі - екі , \_\_\_\_\_ йерчі - жершіл

\_\_\_\_\_ - қазақ тіліндегі екі дауысты : жіңішке тіл алды, ашық еріндік « ө» және жіңішке тіл алды , қысаң «ү» дауысты дыбыстарынын орнына жұмсалады. Текстерде ө дыбысы тек сөз басында және бірінші буындарда ғана жазылады.

Ө сөз басында: \_\_\_\_\_ өд - уақыт, \_\_\_\_\_ өз - өз

Ө сөздің бірінші буынында: \_\_\_\_\_ көк - көк , \_\_\_\_\_ көңүл - көңіл, жүрек.

Жоғарғы таңба ү дауысты дыбыс орнына жұмсалғанда жіңішке сөздердің барлық шенінде кездесе береді.

Ү сөз басында: \_\_\_\_\_ үч - үш, \_\_\_\_\_ үчін- үшін

Ү сөз ортасында: \_\_\_\_\_ күн - күн, \_\_\_\_\_ түрк-түркі

Ү сөз соңында: \_\_\_\_\_ кү - дыбыс, хабар, сес, \_\_\_\_\_ сү - әскер

Енисей, Орхон және Талас ескерткіштерінде сөз басында және сөз ортасында дауысты дыбыстар өте сирек жазылады. Бұған қарағанда ескерткіштердегі сөздер дауыссыз дыбыстарғы неігзделген. Өйткені, сөздердің жуан не жіңішке екендігін қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарап ажыратамыз. Сөз мағынасын ажыратуда дауыссыздар үлкен роль атқарады.

Көне түркі жазуларындағы барлық дауыстылар қысқа дауыстылар. Созылыңқы дауыстылар онда байқалмайды. Өйткені жазуда созылыңқы графикалық жақтарынан көрсетілмеген.

Қырғыз ғалымы Қ. Дыйқанов қазіргі түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстардың пайда болуын кейінгі кезде жеке тілдердің өз дамуына байланысты жағдай деп қарайды. Д. Поливанов ұйғыр мен Орхон жазуларынан басқа Махмуд Қашғари сөздігінде қысқа және созылыңқы дауыстыларының бар екендігін атап көрсетті. Шет ел ғалымдарынан О.Н.Туна мен Т.Текин кейінгі кездері көне түркі жазуларындағы созылыңқы дауыстылар туралы мақалалар жазды. А.М.Щербак кейбір жағдайда енисей, орхон жазуларында созылыңқы дауыстыларының бар екендігін графикалық жағынан да байқауға болады деп көрсетті. Ол үшін төмендегі сөздерді мысал етуге болады:

\_\_\_\_\_ йаағым - менің жауым, \_\_\_\_\_ аатым - менің атым, \_\_\_\_\_ баай-бай, \_\_\_\_\_ йааш - жас, \_\_\_\_\_ тааш - тас.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көне түркі ескерткіштерінің алфавиті туралы түрколог ғалымдардың қандай пікірлері бар ?
2. Ескерткіштер тілінде барлығы қанша таңба бар?
3. Ескерткіштерде дауысты дыбыстар қалай таңбаланған ?
4. Дауысты дыбыстардың қолданылу жүйесінде қандай ерекшеліктер байқалады?
5. Ескі түркі ескерткіштеріндегі созылыңқы дауысты дыбыстар туралы қандай пікірлер бар?

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғ.Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы 1992ж.
2. М.Рясянен «Материалы по исторической фонетике тюркских языков» Москва
3. Баскаков Н.А.»Введение в изучение тюркских языков» Москва
4. М.Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» Алматы 1993 ж.

Көне түркі тіліндегі дауыссыздар жүйесі.

ж о б а с ы :

1. Ескі түркі тіліндегі жалаң дауыссыздар.
2. Қос дауыссыздар туралы.
3. Ескі түркі тіліндегі дыбыс тіркестері.

Тірек сөздер: Ескі түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстардың негізгі түрлері: жалаң дауыссыздар, қос дауыссыздар, дыбыс тіркестері, олардың түрлері, жалаң дауыссыздарға сипаттама з, м, ң, п, ч, ш дыбыстары туралы, қос дауыссыздар, олардың қолданылу ерекшеліктері, жіңішке вариантты сөздер мен жуан вариантты сөздерде қолданылу жүйесі, ескі түркі тіліндегі нт, нч, лт дыбыс тіркестер туралы т.б.

Ескі түркі тіліндегі дауыссыздар төмендегідей үш топқа бөлінеді. Олар: 1) Жалаң дауыссыздар

2) Қос дауыссыздар

3) Дыбыс тіркестері

Жалаң дауыссыздардың қатарына жуан буынды сөздер де, жіңішке буынды сөздер де таңбалық бейнесі өзгермейтін төмендегідей алты дыбыс жатады.

Орхон жазуы	Енисей ,Талас жазулары	Әріптік мәні
		З з М м Ң ң П п Ч ч Ш ш

\_\_\_\_\_ -Ұяң з дыбысының орнына жұмсалады. Сөздің басында кездеспейді.Сөздің ортасында және аяғында жиі қолданылады. \_\_\_\_\_ узын - ұзын, \_\_\_\_\_ боз - боз.

\_\_\_\_\_ -мұрын жолды сонор м дыбысының орнына қолданылады. Сөздің басында, ортасында және соңында жазыла береді .\_\_\_\_\_ -маңа - маған, \_\_\_\_\_ -йеме-және, тағы, \_\_\_\_\_ -елім - елім, \_\_\_\_\_ өзүм - өзім.

\_\_\_\_\_ -мұрын жолды сонор ң дыбысының орнына жұмсалады. Сөздің ортасында және соңында жазылады. \_\_\_\_\_ -теңрі-тәңрі, \_\_\_\_\_ булың - бұрыш, \_\_\_\_\_ таң - таң.

\_\_\_\_\_ -шұғыл, қатаң п дыбысы орнына жұмсалады. Сөздің басында кездеспейді. Тек сөздің ортасында және соңында жазылады. \_\_\_\_\_ апа - апа, үлкен туыс, \_\_\_\_\_ -апар-аварлар, \_\_\_\_\_ - алп- алып ,батыр.

\_\_\_\_\_ -қатаң африкаттық ч дыбысы орнына қолданылады. Орын талғамайды. Сөздің барлық шенінде жұмсала береді. \_\_\_\_\_ чаб-сөз, сөйлеу, \_\_\_\_\_ уч - үш, \_\_\_\_\_ ығач-ағаш.

Текстерде кейде ч орнына \_\_\_\_\_ таңбасы да қолданылады. С.Е.Малов бұл таңбаны ч дыбысының бір түрі ретінде қарайды. Енді бір тюркологтар оны іч түрінде оқиды.

\_\_\_\_\_ - қатаң спирант ш дыбысының орнына қолданылады. Орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді. \_\_\_\_\_ шад-қағаннан кейінгі шен, \_\_\_\_\_ аша-аса. \_\_\_\_\_ Йаш - жас, \_\_\_\_\_ оғуш - тайпа.

Енисей, Орхон және Талас жазуларында бір дыбыс кейде екі, кейде одан да көп таңбалар арқылы беріледі. Олардың бірі тек жуан сөздерде қолданылса, екіншісі тек жіңішке сөздерде ғана кездеседі.

\_\_\_\_\_ Б б -шұғыл, ұяң дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде қолданылады. Жуан түрі жуан буындаы сөздердің барлық шенінде жазыла береді. \_\_\_\_\_ баңа-маған, \_\_\_\_\_ бод - бой, \_\_\_\_\_ балбал - кісі тұрпатты тас, \_\_\_\_\_ аб - ақ, \_\_\_\_\_ саб - сөз.

\_\_\_\_\_ Бь бь -жіңішке түрі. Жіңішке буынды сөздердің барлық шенінде кездесе береді. \_\_\_\_\_ бен - мен, \_\_\_\_\_ биң - мың, \_\_\_\_\_ ебіру - айнала, еб-үй.

“ Ғ -ұяң, ызың дыбыс. Сөз басында кездеспейді. Жуан буынды сөздердің ортасында не соңында жазылады: \_\_\_\_\_ ағы-қазына, \_\_\_\_\_ йағы - жау, \_\_\_\_\_ анығ - жаман, қабаған.

\_\_\_\_\_ Г г -ұяң, шұғыл дыбыс. Жіңішке буынды сөздердің ортасында не соңында жазылады. \_\_\_\_\_ үгүз - өзен , \_\_\_\_\_ тег - ұқсас.

\_\_\_\_\_ Д д -шұғыл, ұяң дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және соңында қолданылады. \_\_\_\_\_ адақ-аяқ, \_\_\_\_\_ ыд-жібер.

Жіңішке түрі сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасында және соңында жазылады. \_\_\_\_\_ ыды-не \_\_\_\_\_ ед-уақыт, шақ, мезгіл.

\_\_\_\_\_ -Й й ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздердің барлық шенінде кездесе береді. \_\_\_\_\_ йағы-жау, \_\_\_\_\_ йана-және, \_\_\_\_\_ йол-жол, \_\_\_\_\_ байрағ-байрақ, ту.

\_\_\_\_\_ Қ қ -шұғыл, қатаң дыбыс. Жуан сөздің барлық шенінде келе береді. Орын талғамайды. \_\_\_\_\_ қаны-қайда, \_\_\_\_\_ қара-қара, \_\_\_\_\_ тоқуз-тоғыз, \_\_\_\_\_ барқ-үй

Текстерде қатаң шұғыл қ дыбысының орнына \_\_\_\_\_ таңбалары қолданылады. Олар сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында келіп, кейде бірінің орнына бірі жұмсала береді. Бірақ олардың дауысты дыбыстармен тіркесуі барлық жерде бірдей емес. Алдыңғы екі таңба « а » дыбысымен тіркессе, үшінші, төртінші таңба және бесінші , алтыншы таңбалар « о,у » дыбыстарымен жиі тіркесіп келеді.

\_\_\_\_\_ -К к шұғыл, қатаң дыбыс. Жіңішке сөздің барлық буынында келе береді. \_\_\_\_\_ кйік - киік , \_\_\_\_\_ кісі-кіші, \_\_\_\_\_ көк-көк.

\_\_\_\_\_ -Л л ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан сөздердің барлық шенінде келе береді. \_\_\_\_\_ алп-алып, \_\_\_\_\_ қалың-қалың, \_\_\_\_\_ балбал-тас. Жіңішке түрі жіңішке буынды сөздердің барлық шенінде жазыла береді. \_\_\_\_\_ лүй-ұлу, \_\_\_\_\_ білге-білгіш , дана.

\_\_\_\_\_ -Н н -мұрын жолды сонор дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және соңында жазыла береді. \_\_\_\_\_ йана-және, \_\_\_\_\_ қаны -қайда, \_\_\_\_\_ йоған-жуан. Жіңішке түрі жіңішке буынды сөздердің барлық шенінде келе береді. \_\_\_\_\_ не-не, \_\_\_\_\_ іні-іні.

\_\_\_\_\_ -Р р -ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Сөз басында жазылмайды. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және соңында жазылады. \_\_\_\_\_ ара-ара, \_\_\_\_\_ арығ-таза, \_\_\_\_\_ аңар-оған.

Жіңішке түрі жіңішке сөздің ортасында және соңында жүймсалады. \_\_\_\_\_ теңрі-теңрі, \_\_\_\_\_ өрт-өрт, \_\_\_\_\_ бір-бір.

\_\_\_\_\_ С с -қатаң дыбыс. Жуан және жіңішке түрінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздің басында, ортасында және соңында келе береді. \_\_\_\_\_ сан-сан, \_\_\_\_\_ барс-барыс.

Сь сь -жіңішке түрі, жіңішке сөздің барлық шенінде келе береді. \_\_\_\_\_ сіңіл-сіңлі, \_\_\_\_\_ есі-оның жолдасы, \_\_\_\_\_ бес-бес.

\_\_\_\_\_ -Т т -қатаң дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздің барлық шенінде келе береді. \_\_\_\_\_ таш-тас, \_\_\_\_\_ тоқ-тоқ, \_\_\_\_\_ аты-оның аты.

Жіңішке түрі жіңішке буынды сөздің барлық шенінде кездесе береді. \_\_\_\_\_ тегіре - айнала, \_\_\_\_\_ йеті - жеті, \_\_\_\_\_ Ертіс - Ертіс.

Текстерде бірнеше дыбыстар қосылып, бір таңба арқылы берілетін дыбыс тіркестері де кездеседі. Олар мыналар :

Орхон жазуында	Енисей, Талас жазуында	Әріптік мәні
		ЛТ лт
		Нт нт
		Нч нч

Мысалы: \_\_\_\_\_ анча-қанша, \_\_\_\_\_ анта-онда, \_\_\_\_\_ болты-болды, \_\_\_\_\_ төртнч-төртінші.

С.Е.Малов якут және чувач тілдеріне арналған зерттеулерінде бұл құбылысты тілдің көне ерекшеліктеріне жатқызса, И.А.Батманов мұндай тіркестерді қазіргі кездегі бірқатар түркі тілдерінде кездесетінін көне заман тілінің қалдығы деп қарайды. Кейбір сонор дыбыстардың қатаң дыбыстармен тіркесіп келу жайттары қазақ тілінде де кездесетіні байқалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ескі түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстар неше топқа бөлінеді?
2. Жалаң дауыссыздарға қай дыбыстар жатады?
3. Қос дауыссыздардың қолданылуында қандай ерекшеліктер бар?
4. Ескі түркі тіліндегі дыбыс тіркестері туралы не білесіз?
5. Ескі түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстарды зерттеген ғалымдар кімдер?

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы 1992 ж.
2. Г.Айдаров,Ә.Құрышжанов,М.Томанов»Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы1990ж
3. В.В.Радлов «Опыт словаря тюркских наречий» Москва
4. А.С.Аманжолов «Тюркская руническая графика» Алматы 1988г.

Ескі түркі тілінің морфологиясы. Зат есімнің мағыналық топтары,  
категориялары

ж о с п а р ы :

- 1) Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы.
- 2) Ескі түркі тіліндегі негізгі сөз таптары.
- 3) Зат есім, оның мағыналық топтары.
- 4) Зат есімнің көптік, тәуелдік, септік категориялары.

Тірек сөздер: Түркі тілдері агглютинативтік тілдер тобына жатады, ескі түркі ескерткіштеріндегі сөздер құрамы жағынан бес түрге бөлінеді, олар: түбір сөздер, туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер,ескі түркі тіліндегі негізгі сөз таптары: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, шылау сөздер, зат есімнің негізгі грамматикалық категориялары көптік, тәуелдік, септік категорияларының ескі түркі тіліндегі көріністері туралы

Әрбір тілдің тарихи дамуына сәйкес сөз жасау, сөз өзгерту, сөйлем жасауда қолданылған ерекшеліктері болады. Сол ерекшеліктер негізінде тілдің белгілі грамматикалық құрылысы қалыптасып етіледі. Тілдің грамматикалық құрылысын морфология мен синтаксис тексереді. Морфология мен синтаксистің бірлігінен тіл білімінің ең басты бір саласы-грамматика жасалады.

Грамматиканың негізгі бір саласы-морфология. Морфология грекше форма және білім деген екі сөзден құралады. Ерте замандағы грамматикада қалыптасқан бұл терминнің қазіргі мағынасы бұрынғысынан әлдеқайда өзгерген және кеңіген Морфологияның негізгі зерттеу объектісі сөз және оның құрылысы. Дүние жүзіндегі тілдер морфологиялық құрылысы жағынан бірнеше типке бөлінеді.

Түркі тілдері өзінің морфологиялық құрылымы жағынан агглютинативтік тілдер қатарына жатады. Түркі тілдерінде грамматикалық мағыналар түбір сөздерге әр түрлі аффикстердің жалғануы арқылы жүзеге асады. Агглютинативті тілдер қатарына түркі тілдерімен қатар монғол,угро-фин тілдері де жатады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде көне түркі ескерткіштері тілінде, сөздердің септелуі немесе жіктелуі түбірдің фонемалық құрамын өзгертпейді: қапығ-қақпа, қапығқа-қақпаға, қапығығ-қақпаны т.б.

Түркі тілдерінде аффикстердің жалғануы түбірге әсер ете алмайды, түбір сол қалпында өзгермей қалып қояды. Ескерткіштегі сөздер құрамына түбір сөздер, туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер болып бес топқа бөлінеді.

Түбір сөздер. Ескерткіште бөлшектеуге келмейтін тек жалаң түбірден құралған сөздер де кездеседі. Олардың негізгі түрлері төмендегіше:

1. У. Тек жалғыз дауыстылардан тұратын түбір сөз ескерткіште жоқтың қасы. Мысалы:ы-бұта, өсімдік,

2. У-С дауысты және дауыссыз дыбыстар. Аз-аз, ач-аш, аң-аң, түсінік, ай-айт, ер-ер т.б.

3. С-У. Бу-бұл, сү-әскер, не-не, кү-дыбыс.

4. С. У. С. Бар-бар, бес-бес, йат-жат, йел-жел, кеч-кеш, саб-сөз саптау.

5. У- С- С. Алп-батыр, елт-жүргіз, унч-мүмкін, арт-арт, өрт-өрт.

6. С-У-С. Апа-апа, екі-екі, ү зе-үсті, ұқы-ұйқы.

7. С- У- С- С. Йурт-жұрт, турк-түрк, қорқ-қорық, санч-шаныш.

2. Туынды сөз. Ескерткіштегі сөздер тек жалаң түбірден қана құралмайды. Қазіргі тіліміздегідей көптеген сөздер жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Айғучы-кеңесші, қағанлығ-қағандық, атлығ-атты.

3. Қос сөздер. Қарастырылыпотырған ескерткіштер тілінде кейбір қос сөздер де кездеседі. Бірақ олардың саны көп емес: ічі-тысы-іші-тысы, екі-уч-екі-үш, куз-кудуз-кыз-қырқын, йер-суб-отан.

4. Біріккен сөздер. Ескерткіште бірнеше түбірлер бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін біріккени сөздер де кездеседі: Тониқуқ-Тоныкөк, Ілтеріс-Ілтеріс, Қапаған-Қапаған, Егрітебі-кілем, йоқару -жоғары, Өтүкен - Өтікен, кунтуз-күндіз.

5. Күрделі сөздер. Бұған көбіне кісі аттары мен жер-су аттары жатады:қара құм-қара құм, Чуғай куз-сараң дала, бетпақ дала, темір қапығ-темір қақпа, Білге қаған-Білге қаған, Йарыс йазы-Йарыс жазығы, Инел қаған-Инел қаған, Апа тарқан-атақ .

Жазба нұсқалардағы сөздер де мағыналық, тұлғалық және қызмет жағынан әр түрлі болып өзара бірнеше топқа бөлінеді.

Негізгі сөздер жеке тұрып та , сөйлем ішінде тұрып та толық мағынаға ие болып, сөйлемнің белгілі бір мүшесі бола алады:\_\_\_\_\_ кіші-кісі, \_\_\_\_\_ оғул-ұл, \_\_\_\_\_ інгек-сиыр, \_\_\_\_\_ йонт-жылқы, \_\_\_\_\_ қара-қара, \_\_\_\_\_ қызыл-қызыл, \_\_\_\_\_ көк-көк, \_\_\_\_\_ мен-мен, \_\_\_\_\_ сіз-сіз, \_\_\_\_\_ уч-үш.

Көмекші сөздер жеке тұрып та, сөйлем ішінде тұрып та толық мағынаға ие болмайды. Олар негізгі сөздермен тіркесіп, күрделі мүше ,не сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін жұмсалады: \_\_\_\_\_ бірле-бірге, -мен, -бен, -пен, \_\_\_\_\_ учун-үшін, \_\_\_\_\_ йеме-тағы, \_\_\_\_\_ йана-және.

Сонымен Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі сөздерді жинақтай келгенде , олар төмендегідей сөз таптарына бөлінеді: 1. Зат есім 2. Сын есім 3. Сан есім 4. Есімдік 5. Етістік 6. Үстеу 7. Шылау 8. Одағай.

Зат есімге заттың атын білдіретін сөздер жатады. Олар өздерінің мағыналық және тұлғалық жақтарынан біркелкі емес, әр түрлі болып келеді.

Зат есімдер мағыналық жақтарынан төмендегідей сөздерді білдіреді. Мамандық атаулары : \_\_\_\_\_ бедізші-шебер, \_\_\_\_\_ айғучы-кеңесші, \_\_\_\_\_ Йағычы-әскер басы, қолбасшы, \_\_\_\_\_ атчыл, атты сүюші , \_\_\_\_\_ қарағу-күзетші т.б.

Зат, құбылыс атаулары: \_\_\_\_\_ йаз, \_\_\_\_\_ қар-қар, қыш-қыс, \_\_\_\_\_ тағ- тау.

Хайуанат, құс және жәндік атаулары: \_\_\_\_\_ ат-ат, \_\_\_\_\_ йонт-жылқы, \_\_\_\_\_ киік-киік, \_\_\_\_\_ ыт-ит, \_\_\_\_\_ құш-құс, \_\_\_\_\_ бічін-мешін, т.б.

Адамға байланысты атаулар: \_\_\_\_\_ ата-ата, \_\_\_\_\_ ана-ана, \_\_\_\_\_ іні-іні, \_\_\_\_\_ сіңлі-сіңлі, \_\_\_\_\_ қатун \_ қатын, \_\_\_\_\_ қыз-қыз, \_\_\_\_\_ оғул-ұл.

Географиялық атаулар: \_\_\_\_\_ Ертіс, \_\_\_\_\_ Кем-Енисей, \_\_\_\_\_ Орхон.

Морфологиялық жағынан зат есімдер сондай-ақ көптеледі(беглер-бектер, уйалар-туыстар), септеледі (қапығқа-қақпаға, қапығығ-қақпаны), тәуелденеді (оғлым-балам, башы-басы), кейде жіктеледі(оғлы мен-ұлымын). Бірақ ескерткіштегі зат есімдердің бәрі бірдей жіктеле бермейді.

Сөйтіп зат есімдердің түрлі мағыналық, грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) ерекшеліктері-олардың тұлғалық құрамына да, жасалу тәсіліне де қатысты.

Көне түркі, оның ішінде Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде үнді-европа тілдеріндегідей род категориясы жоқ. Түркі тілдерінде ешқандай грамматикалық көрсеткішсіз-ақ өзінің лексикалық мағынасы жағынан белгілі бір жынысты білдіретін сөздер кездеседі. Олар семантикалық жақтарынан адамның, хайуанаттардың белгілі бір жынысын білдіреді. Мұндай сөздер ескерткіш тілдерінде баршылық: \_\_\_\_\_ ата, \_\_\_\_\_ оғул, \_\_\_\_\_ қатун, \_\_\_\_\_ қыз, \_\_\_\_\_ к елін, \_\_\_\_\_ сіңлі, \_\_\_\_\_ іні т.б.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі зат есімнің көптік жалғауы заттардың біреу емес, көп екендігін білдіреді.Көптік ұғымды білдіретін жайттар ежелгі дәуірде -ақ қалыптасқан. Қазіргі замандағы түркі тілдері сияқты көне түркі ескерткіштері тілінде де зат есімнің көптік жалғауы үш түрлі жолмен жасалады: морфологиялық, лексикалық, синтаксистік.

Морфологиялық тәсіл. Көптік мағынаны білдіру үшін негізгі және туынды түбірге -лар, -лер қосымшалары жалғанады. Дыбыс үндестігі бойынша түбірдің соңғы буыны жуан болса -лар, жіңішке болса -лер қосымшалары жалғанады. Жуан буынды сөздерде: \_\_\_\_\_ атлар - аттар, \_\_\_\_\_ қадашлар - жолдастар. Жіңішке буынды сөздерде: \_\_\_\_\_ беглер - бектер, \_\_\_\_\_ ерлер - ерлер.

Көптік мағына беретін қосымшалардың бірі - т. Ол көне монғол тіліндегі «д» дыбысымен сәйкес келеді. Бұл қосымша көне түркі жазба ескерткіштерінде атақ - дәрежені көрсететін аздаған сөздердің құрамында кездеседі: \_\_\_\_\_ бегіміз - бегіміз , \_\_\_\_\_ марымыз-оқытушымыз, \_\_\_\_\_ қаныңыз - қаныңыз дегендегі -ыз, -із тәуелді жалғау қосымшалары

бір кездерде тіпті Орхон - Енисей түркі ескерткіштері қалыптасқанға дейінгі көптік жалғаудың ескі түрі болар деген ойдан да аулақ емеспіз.

Лексикалық әдіс. Ескерткіштер тілінде көптік лексикалық категория екі түрде жүзеге асады: алдымен көптік мағына лексикадағы жеке сөздердің семантикасына байланысты болады және көптік мағына сөз тіркестері арқылы да беріледі. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде төмендегідей сөздер көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғымды білдіреді. 1. Ру, тайпа, халық аттарын білдіретін кейбір жинақты ұғымы бар сөздер: \_\_\_\_\_ қыбчак - қыпшақ, \_\_\_\_\_ оғыз-оғыз, \_\_\_\_\_ түрк - түркі т.б.

2. Лексикалық мағынасының өзінде - ақ көптік ұғымы бар сөздер: \_\_\_\_\_ інгек-сиыр, \_\_\_\_\_ көз - көз, \_\_\_\_\_ а дағ - аяқ т.б.

3. Даралап санауға келмейтін кейбір зат есімдер: \_\_\_\_\_ алтун - а лтын, \_\_\_\_\_ кумуш-күміс, \_\_\_\_\_ сач - шаш т.б.

4. -Лығ, -ліг жұрнақтары арқылы жасалған кейбір дерексіз зат есімдер жеке ұғымда да, көптік ұғымда да кездесе береді: \_\_\_\_\_ қағанлығ-қағандық, \_\_\_\_\_ бегліг- бектік т.б. Синтаксистік тәсіл. Орхон -Енисей ескерткіштері тілінде көптік мағына сөз тіркестері арқылы да жасалады. Олар төмендегідей:

1. Зат есімнің алдында оның қанша екендігін көрсететін сан есімдер болса, оларға көптік жалғау жалғанбайды. \_\_\_\_\_ йеті йуз кісі, \_\_\_\_\_ он түмен сү.

2. Зат есімдердің алдында қоп-көп, үкүл-бүкіл сияқты анықтауыштар айтылса, оларға көптік жалғау жалғанбайды. \_\_\_\_\_ көп соғды, үкүл ер т.б.

3. Кейбір қос сөздер ешбір көптік жалғаусыз-ақ көптік ұғымды білдіреді: \_\_\_\_\_ қыз - қудуз - қыз - қырқын.

Тәуелдік жалғаулар. Жазба нұсқаларда белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екендігін көрсететін грамматикалық категория тәуелдік жалғаулар да кездеседі. Ескерткіштер тілінде кездесетін тәуелдік жалғаулар:

1 жақ . -м, -ым, ім, -ум, -үм,-мыз, -ымыз, -іміз.

2 жақ.-ң, -ың, -ің,уң, -үң.

3 жақ.-ы, -і, -сы, -сі,-ы, -і, -сы, -сі.

1 -жақ апам, ечум - бабам, елім, сабым - сөзім, оғлым, сүм-әскерім т.б.

2 -жақ елің, ілің, еркің, оғланың -ұлың, йашың - жасың.

3 -жақ басы, башы, буңы - мұңы, боғзы - тамағы, будуны - халқы, елчісі.

Көпше. 1 - жақ атларым - аттарым, ачаларым - әжелерім, йағымыз.

2-жақ алпыңыз - батырыңыз, а тыңыз, еліңіз, қаныңыз.

3-жақ інілері, беглері - бектері.

Септік жалғауы. Орхон - Енисей жазба нұсқаларында жеті түрлі септік бар. Олар: Атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Әр септіктің өзіне тән тұлғалары бар.

Атау септік. Атау септігінде тҰрған сөздердің арнайы жалғауы болмайды. \_\_\_\_\_ кісі, \_\_\_\_\_ йер - жер, \_\_\_\_\_ түн, \_\_\_\_\_ мен.

Атау септігінде тұрған сөздер негізгі түбір (тұғ-ту), туынды түбір(туғлығ-тулы), тәуелді жалғаулы сөз (оғлум-ұлым), көптік жалғаулы (беглер) сөздер болуы мүмкін. Ескерткіштерде атау тұлғада тұрған сөздерде тәуелді, көптік жалғаулардың жалғану, жалғанбауы шарт емес, оларға тек септік жалғаулар жалғанбаса болады. Ескерткіштерде атау тұлғада тұрған сөздер төмендегідей синтаксистік қызмет атқарады:

1. Атауда тұрған сөздер бастауыш болады. Біз екі мың ертіміз - Біз екі мың едік. 2. Кейбір есім сөздер жеке тұрып та, не көмекші сөздермен тіркесіп келіп те сөз соңында баяндауыш болады. Біз шет ертіміз - Біз шет едік. 3. Толықтауыш та бола алады. Бедіз уртыртым, таш тоқыттым - Өрнек жасаттым, тас орнаттым. 4. Изафеттік тіркесте анықтауыш та болады. Будун боғзы тоқ ерті - Халық тамағы тоқ еді.

Ілік септік. Ескерткіште ілік септік заттың, қимылдың белгілі біреуге тән екендігін білдіреді. Ілік септіктегі сөз ешуақытта жеке айтылмайды. Олар үнемі тәуелді жалғаулы сөздермен тіркесіп келеді. Ілік септіктегі сөздер -ың, -ің, -ның, -нің (-уң, -үң, -нуң, -нүң) қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Табғач қағаны, Өзүм аз йерім-өзімнің аз жерім.

Барыс септік. Ескерткіште барыс септікте тұрған сөздер бір істің, қимылдың бет алысын, бағытын, орнын көрсетеді. Барыс септігі төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады:

1. -қа, -ке, -ға, -ге \_\_\_\_\_ тағқа - тауға, \_\_\_\_\_ йерке - жерге.

Табғач қағанға көрміш - Табғаш қағанға бағынды.

2. -ғару, геру. Құранды қосымшалар. \_\_\_\_\_ йоқару - жоғары, \_\_\_\_\_ ебгеру - үйге қарай, \_\_\_\_\_ ынағару - әрі қарай.

3. -а, -е. Жіктеу есімдіктері мен тәуелді жалғаулы сөздерден кейін жалғанады. \_\_\_\_\_ баңа - маған, \_\_\_\_\_ ебіме - үйіме.

4. -йа, -йе негізінде оғыз тілдеріне тән қосымшалар. \_\_\_\_\_ бірійе-оңға, оңтүстікке \_\_\_\_\_ құрыйа - кейінге, батысқа.

5. -ра, -ре. \_\_\_\_\_ ташра - тысқа, \_\_\_\_\_ өңре - алға, \_\_\_\_\_ ічре - ішке.

**Табыс септік.** Ескерткіште табыс септіктегі сөздер іспен, амалмен тікелей байланысты болып, төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады:

1. -ны, -ні, -ы, -і. \_\_\_\_\_ бені - мені, \_\_\_\_\_ сені, \_\_\_\_\_ аны - оны.

2. -ығ, -іг, -уғ, -үг. \_\_\_\_\_ бодунығ - халықты, \_\_\_\_\_ сүг - әскерді.

-Ығ, - іг, - уғ, -үг тұлғалары қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді. Бірақ монғол тілінде табыс септігінің көрсеткіші түрінде жиі қолданылады. Табыс септікте тұрған сөздер ашық түрде де, жасырын түрде де келе береді.

а) табыс септіктің ашық түрі нақтылы, белгілі нәрсені көрсеткенде қолданылады. Қарығ секім-қарды тазаладым.

б) табыс септіктің жасырын түрі кейде айқын көрсетілмей көмескіленеді. Йерчі-тіледім - жершіл тіледім.

Жатыс септік. Ескерткіштердегі жатыс септіктегі сөздер мекенін, орнын, мезгілін білдіріп, -та, -те, -ді, -де жалғауларының жалғануы

арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ ташда - таста, \_\_\_\_\_ тағда - тауда, \_\_\_\_\_ йолта - жолда, \_\_\_\_\_ ілге, елте-елде. Ілте бун йоқ - елде мун жоқ. Жатыс септіктегі сөздер сөйлем ішінде жанама толықтауыш не пысықтауыш болады.

Шығыс септік. Шығыс септік қимылдың шығу орнын, мекенін білдіріп, -тан, -тен, -дан, -ден (-тын, тін) қосымшалары арқылы жасалады. Ескерткіштерде шығыс септік басқа септіктерге қарағанда сиректеу кездеседі. \_\_\_\_\_ беріден, \_\_\_\_\_ айырдан - алдынан.

Көмектес септік. Ескерткіштерде көмектес септік -ын, -ін, -н және бірле сөзі арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ қышын - қысымен, \_\_\_\_\_ йазын - жазымен, \_\_\_\_\_ сүңгігін - сүңгімен. Көзін көрмедүк, құлақын естімедүк-Көзімен көрмеген, құлағымен естімеген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Түркі тілдері өзінің морфологиялық құрамы жағынан қандай топтағы тілдер қатарына жатады?
2. Ескі түркі ескерткіштеріндегі сөздер құрамы жағынан неше топқа бөлінеді, олардың өзіндік белгілері қандай?
3. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде неше сөз табы бар?
4. Зат есім және оның негізгі категориялары туралы не білесіз?
5. Ескі түркі ескерткіштеріндегі септік жүйесі, септік жалғауларының өзіндік белгілері қандай?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Г.Айдаров. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1986ж
2. Г.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы
3. Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Орхон-Енисей ескерткіш-терінің зерттеу тарихы мен грамматикалық очерктер
4. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы Алматы 1989ж
5. Қ. Ғ. А.Тіл білімі институты. Авторлар коллективі.
- 6.Қазақ әдеби тілі тарихы Алматы 1989ж
7. Тюркологические исследование. Москва 1976г

Көне түркі тіліндегі сын есім, сан есім, есімдік сөз таптары.

ж о с п а р ы :

1. Сын есім туралы түсінік, тұлғалық топтары.
2. Сын есімнің шырай категориясы.
3. Сан есім және оның мағыналық топтары.
4. Есімдік және оның мағыналық топтары.

Ескерткіштерде заттың сынын белгісін білдіретін сын есімдер де кездеседі. Олар ерте заманнан бастап-ақ өзінің семантикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктерімен де, сөйлемдегі қызметі жақтарынан да сарлана қалыптасқан сөз табы. Сын есімдер өзінің мағыналық жақтарынан бірнеше топқа бөлінеді. Тұлғасына қарай негізгі

және туынды сын болып екіге бөлінеді. Негізгі (сапалық) сын есімдер заттың түрі мен түсін, сыны мен сапасын, сапасы мен белгісін білдіреді. \_\_\_\_\_ көк, \_\_\_\_\_ қызыл, \_\_\_\_\_ сарығ - сары, \_\_\_\_\_ йашыл - жасыл, \_\_\_\_\_ игі, \_\_\_\_\_ арық - арық, \_\_\_\_\_ йаш - жас, \_\_\_\_\_ йоған - жуан, \_\_\_\_\_ ұлы.

Қатыстық сын есімдер. Ескерткіштерде қатыстық сын есімдер бір затпен екінші заттың қатысын, байланысын білдіреді. Олар жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. 1) Есімдерден сын есім жасайтын жұрнақтар: -лы, -лі \_\_\_\_\_ бұқалы, \_\_\_\_\_ інілі, \_\_\_\_\_ беглі.

-лығ, -ліг, -лық, -лік \_\_\_\_\_ тұғлық - тулы, \_\_\_\_\_ атлығ - атты.

-сыз, -сіз \_\_\_\_\_ тонсыз - киімсіз, \_\_\_\_\_ йолсыз - жолсыз, \_\_\_\_\_ ідісіз - иесіз

-қы, -кі \_\_\_\_\_ ашнуқы - алғашқы, \_\_\_\_\_ башғу - басқы, \_\_\_\_\_ ең ілкі.

-дақы, -декі \_\_\_\_\_ көңүлдекі - көңілдегі, \_\_\_\_\_ йердекі - жердегі.

-ге \_\_\_\_\_ білге - білгіш, дана. Қағаны алп ерміш, айғушысы білге ерміш - қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді.

Ескерткіштерде сын есімнің төмендегідей шырайлары кездеседі. 1. Жай шырай. \_\_\_\_\_ қызыл - қызыл, \_\_\_\_\_ кара - қара, \_\_\_\_\_ көк - көк, \_\_\_\_\_ сарығ - сары.

2. Салыстырмалы шырай. Текстерде салыстырмалы шырай төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады.

а) -рақ: \_\_\_\_\_ ақсырақ - ағырақ

ә) -тег: \_\_\_\_\_ бөрітег - бөрідей, \_\_\_\_\_ теңрітег - тәңрідей.

3. Күшейтпелі шырай. Ескерткіштерде күшейтпелі шырай ең күшейтпелі үстеуі арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ ең ілкі - ең алғашқы. Ең ілкі. Тоғу балығда сүңүшдіміз. Ең ілкі. Тоғу қаласында соғыстық.

Сөйлем ішінде сын есімдер негізінде анықтауыш болады. Кейбір сын есімдер көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, күрделі баяндауыш болады. Екі үлүгі атлығ ерті-бір үлүгі йадақ ерті - Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді.

Ескерткіштерде заттың санын, ретін білдіретін сан есімдер де кездеседі. Сан есімнің өзіне тән семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері болады. Олар жеке тұрғанда абстрактті ұғымдарды білдіреді. Бірақ олар тілде негізінде затты не болмаса оқиғаны сан жағынан анықтап береді. Сол кезде ғана олардың мағынасы анықтала түседі.

Текстегі он - ненің саны екені бізге жеке тұрғанда белгісіз, абстрактті түсінік. Он оқ қағаны йағымыз ерті - Он оқ қағаны жауымыз еді десек, онда сол он санының мағынасы анықтала түседі. VI - VIII ғасырда өмір сүрген орхон - енисей түркілері мәдениетті тайпалардың бірі болған. Ескерткіштер тіліндегі сан есімдер сол дәуірдің өзінде -ақ әбден қалыптасқан сөз таптарының бірі болған. Ескерткіштер тілінде қазіргі түркі тілдерінде кездесетін сан есімдердің бәрі де кездеседі.

Текстерде сан есімдер құрамына қарай екіге бөлінеді: дара сан есімдер, күрделі сан есімдер. Дара сан есімдер бір ғана сөздерден жасалады, олардың лексикалық мағыналары әр түрлі. \_\_\_\_\_ бір, \_\_\_\_\_ екі, \_\_\_\_\_ үч - үш, \_\_\_\_\_ он - он.

Күрделі сан есімдер сөз тіркесі мен сөздердің қосарлануы арқылы жасалады. Сөз тіркестері арқылы жасалған күрделі сан есімдер: \_\_\_\_\_ екі бың - екі мың, \_\_\_\_\_ йеті йүз - жеті жүз.

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сан есімдер: \_\_\_\_\_ екі - уч бың - екі - үш мың, \_\_\_\_\_ бір - екі.

Ескерткіштердегі сан есімдер мағыналарына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

1) Есептік сан есімдер: Заттың дәл санын білдіріп, басқа сан есімдердің жасалуына негіз болады. Олар төмендегідей: Бірлік сандар: \_\_\_\_\_ бір, \_\_\_\_\_ екі, \_\_\_\_\_ уч-үш, \_\_\_\_\_ төрт, \_\_\_\_\_ алты т.б.

Ондықтар: \_\_\_\_\_ он, \_\_\_\_\_ йегірмі - жиырма, \_\_\_\_\_ отуз - отыз, \_\_\_\_\_ еліг- елу, \_\_\_\_\_ қырқ - қырық т.б. Он оқ қағаны йағымыз ерті - он оқ қағаны жауымыз еді.

Мыңдықтар: \_\_\_\_\_ бың - мың. Ескерткіштерде он мың сөзінің орнына қолданылатын түмен сөзі кездеседі. Бес түмен сү келті - Бес мың әскер келді.

Реттік сан есімдер. Реттік сан есімдер текстерде заттың ретін білдіріп, - нті, -нч, \_\_\_\_\_ -ынч, -інч жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ екінті - екінші, \_\_\_\_\_ үчүнч - үшінші, \_\_\_\_\_ онынч, оныншы. Текстерде кейде реттік сан есімдердің -қы,-кі жұрнақтары жалғану арқылы жасалатыны да байқалады. Ілкі - алғашқы, отузқы-отызыншы. Ілкі күн - бірінші күн.

Жинақтық сан есімдер. Ескерткіштерде жинақтық сан есімдер заттың жинақталған санын көрсетіп, -ағу, егу қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады үчегу - үшеуі. Бу үчегу қабысар - Бұл үшеуі бірігер.

Бөлшектік сан есімдер. Текстерде бөлшектік сан есімдер сыңар сөзі арқылы жасалады. Бізінде екі учы сыңарча артуқ ерті - Бізден екі ұшы сыңарша артық еді.

Аралас сан есімдер. Мұнда қазіргі кездегі түркі тілдеріндегідей ондықтың үстіне келесі санды қосып айтпаған. Онда ондықтан бастап санау тәртібі басқаша болған. Ескерткіштерде оннан бастап санағанда, санақ басталған санның өзі айтылмай, оның бірлігімен келесі ондық қосылып айтылып отырған. \_\_\_\_\_ йеті йегірмі - он жеті, \_\_\_\_\_ секіз йегірмі - он сегіз, \_\_\_\_\_ алты отуз - жиырма алты, \_\_\_\_\_ уч отуз - жиырма үш, \_\_\_\_\_ бір отуз - жиырма бір. Йеті йегірмі йашыма таңут тапа сүледім - Он жеті жасымда табғашқа қарсы соғыстым.

Топтау сан есімдері. Текстерде топтау сан есімдері -ча, -че қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Олар - ескерткіштерде көп емес. \_\_\_\_\_ йузче-жүздей, \_\_\_\_\_ елігче - елудей. Елігче ер тутдымыз - Біз елудей ерді тҰтқын еттік.

Белгісіздік сан есімдер. БҰлар ескерткіште көп емес. \_\_\_\_\_ аз, \_\_\_\_\_ қоп-көп, \_\_\_\_\_ үкуш - көп, қамуғ - бәрі.

Аралас сан есімдер туралы тюркологтар арасында бірсыпыра пікірлер бар. В.В.Бартольд мұндай сан есімдер ХІ ғасырдағы «Құдатғу біліктен» кейінгі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді деп тұжырымдаса, осы ескерткіштерге еңбегінің көбін арнаған С.Е.Малов сан есімдердің мұндай

санау тәртібі сары ұйғырлар тілінде әлі де жиі қолданылатыны айтады. Аралас есімдер көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Олар қазіргі түркі тілдеріндегідей қатар қолданылған. Сан есімдер әдетте сөйлем ішінде анықтауыш болады. Бірақ сан есімдер кейде сөйлем ішінде басқа мүше де болады. Егер сан есімдер көптік, тәуелдік, септік жалғауларда қолданылса, ол бастауыш та, толықтауыш та, пысықтауыш та бола алады.

Есімдіктер сөз таптарының ішінде ерекше орын ұстайды. Олар заттың атын, сынын, санын білдірмейді, бірақ олардың орнына жұмсалады. Есімдіктердің нақты мағыналары басқа сөздер арқылы байқалады. Есімдіктер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді: Жіктеу есімдігі. Олар белгілі жақтарға бөлінеді:

1-жақта. -мен, -бен, біз - сөйлеушіні білдіреді. 2 - жақта. -сін, -сен, -сіз, -сіздер тыңдаушыны білдіреді. 3 - жақта. -ол, -олар, -бөгде үшінші біреулерді білдіреді. Бен ебгеру түсейін. Мен үйге қарай қайтайын. Мен беңгу таш тоқытдым - Мен мәңгі тас орнаттым. Ескерткіште кездесетін жіктеу есімдіктері септеледі.

Атау: мен, бен - мен.

Ілік: менің, бенің - менің.

Барыс: маңа, баңа - маған.

Табыс: бені, бізні - мені, бізді, аны - оны.

Жатыс: анта - онда, бізінте - бізде. Бенің будуным анта ерүр- Менің халқым сонда болар. Білге Тониқуқ маңа айды - Білгіш Тоныкөк маған айтты.

Сілтеу есімдігі: \_\_\_ бу - бұ, \_\_\_ ол - ол. Тоқуз оғуз беглері, будуны бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңла - Тоғыз оғыз бектері бұл сөзімді жақсы есіт, мықтап тыңда. Сілтеу есімдіктері септеледі. Буны есідің - Мұны естіндер. Аны көрҰп - оны көріп.

Өздік есімдігі. Текстерде өздік есімдігі төмендегідей сөздер арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ өз, \_\_\_\_\_ кентү - өз.

Ескерткіштерде өздік есімдігі көбінесе тәуелді, септеулі түрлерінде жиі Ұшырайды. Кенті будуным - Өз халқым, Өзүм тардуш будун үзе шад олуртым - Өзім тардуш халқына шад болдым.

Сұрау есімдігі. Сұрау есімдігі ескерткіште төмендегідей: \_\_\_ кім \_\_\_ не, \_\_\_\_\_ кімке - кімге, \_\_\_ неке - неге, \_\_\_\_\_ қаны - қайсы.

Іліг будун ертім, ілім емті қаны - Елді халық едім, енді елім қайда, Не қағанға ісіг-күчіг бірүрмен - Қай қағанға күш - жігерімді жұмсаймын .

Жалпылау есімдігі. Мұндай есімдіктер қатарына төмендегідей сөздер жатады: \_\_\_\_\_ қамуғ - барлығы - бәрі, \_\_\_\_\_ бары - бәрі, \_\_\_\_\_ барча - барша, \_\_\_\_\_ бунча - мұнша. Түрк қара қамуғ будун - Бүкіл түркі халқының қара халқы. Қамуғы йеті йүз ер болмыс - Барлығы жеті жүз ер болды. Бунча бітіг - сонша жазу.

Болымсыз есімдігі. Болымсыз есімдігі текстерде бір ғана сөз арқылы келеді. \_\_\_\_\_ нең - дәнеңе. Нең бунуғ йоқ - Ешқандай мұңы жоқ. Қач нең ерсер, өлүртечі кук-Қайтсе де өлтіруі мүмкін.

Есімдіктер қай сөз табының орнына жұмсауына байланысты сөйлемнің кез келген мүшесі бола алады. Жіктеу, өздік есімдіктері сөйлем ішінде, көбінесе бастауыш, толықтауыш болады. Басқа есімдіктер де мағыналарына қарай сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ескерткіштердегі сын есімдер және оның мағыналық топтары туралы не білесіз ?
2. Сын есімнің шырай категориясы, оның түрлері қандай ?
3. Ескерткіштердегі сан есімдер мағыналарына қарай неше топқа бөлінеді ?
4. Ескерткіштердегі аралас сан есімдер туралы не білесіз ?
5. Ескі түркі тіліндегі есімдіктер және оның мағыналық топтары қандай болған ?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Айдаров. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1986ж
2. Г.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі Алматы
3. Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Орхон - Енисей ескерткіштерінің зерттеу тарихы мен грамматикалық очерктер. Алматы.
4. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1989ж
5. Қ."А.Тіл білімі институты. Авторлар коллективі. Қазақ әдеби тілі тарихы Алматы, 1989ж
6. Тюркологическое исследование. Москва 1976г
7. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков.Москва.
8. В.В.Радлов. Опыт словаря тюркских наречий.

Етістіктің грамматикалық категориялары үстеу, шылау сөздер.

ж о с п а р ы :

1. Ескерткіштер тіліндегі етістіктер туралы.
2. Етістіктің негізгі грамматикалық категориялары.
3. Үстеудің мағыналық топтары.
4. Ескі түркі тіліндегі шылау сөздер.

Етістік - ескерткіштегі ең қиын және өте күрделі сөз таптарының бірі. Етістік іс, амал, қозғалыс, қимыл, жай - күйге байланысты процестерді қарастырады. Етістіктер негізгі түбір және туынды түрлерінде тұрып, ешқандай морфологиялық тұлғаларды қабылдамай - ақ жақ, шақ, рай мағыналарын білдіре алады. Ескерткіштердегі есід,елт сөздері екінші жақ, бұйрық райда ,келер шақта тұр. Етістіктер тек іс-әрекетті ,қимыл-қозғалысты білдіріп қана қоймайды, олар уақытты да аңғартады. Себебі етістіктегі баяндалған іс-әрекет белгілі бір уақытпен байланысты жүзеге асады. Бұл жайттар негізінде етістіктің шақтары арқылы белгіленеді. Етістіктер бұлармен қатар іс -әрекеттің объектімен тікелей қатысты екендігін де көрсетеді. Олар салт және сабақты етістіктер арқылы көрінеді. Көне түркі

ескерткіштер тіліндегі етістіктер өзімен байланысты сөздердің белгілі бір септік жалғауларда тұруын талап етіп, меңгеріп тұрады. Тектегі бірқатар етістіктер іс-қимылдың орындалғанын көрсетсе, енді бірқатар етістіктер іс - қимылдың орындалмағанын көрсетеді. Тектерде болымсыз етістіктер жасалу үшін оның соңына -ма, -ме қосымшалары жалғанады. \_\_\_\_\_ удымадум-Ўйықтамадым \_\_\_\_\_ келмеді.

Ескерткіштерде кездесетін етістіктер өзінің құрылысына қарай негізгі және туынды етістіктер болып екіге бөлінеді. Негізгі етістіктер: \_\_\_ ағ - шығу, көтерілу, \_\_\_\_\_ аз - күнә жасау, азу, \_\_\_\_\_ ач - ашу, \_\_\_\_\_ йат - жат, \_\_\_\_\_ йығ - жи, \_\_\_\_\_ елт-ер, \_\_\_\_\_ йаса - жаса т.б.

Негізгі түбір етістіктерге қосымшалар жалғану арқылы жасалған етістіктер туынды түбір етістіктер қатарына жатады. Туынды етістіктер есім негізді және етістік негізді болып екіге бөлінеді. Есім негізді етістіктер төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады: -а, -е, -ла, -ле, -лан, -лен, -қ, -к, -ық, -ік, -сыра, -сіре т. б. Мысалы: \_\_\_\_\_ йаша - жаса, \_\_\_\_\_ аңла - аңда, \_\_\_\_\_ қышла - қыста, \_\_\_\_\_ қанлан - қандан, \_\_\_\_\_ ташық - жинал, \_\_\_\_\_ ічік - бағын, \_\_\_\_\_ қағансыра -қағансыра, \_\_\_\_\_ ілсіре - елсіре т.б.

Тектегі етістіктер мағынасына және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысына қарай сабақты және салт етістік болып екіге бөлінеді. Ескерткіштер тілінде табыс жалғаулы сөзді керек ететін сабақты етістіктер де кездеседі. Бу сабымын едгүті есід.-Бұл сөзімді жақсы тында. Ескерткіштерде табыс септікті қажет етпейтін салт етістіктер де кездеседі. Бір йылқа бiш йолы сүнүсдіміз - Бір жылда бес рет соғыстық.

Орхон - Енисей ескерткіштері тілінде іс істеуші адамға немесе іспен байланысты затқа іс - әректің белгілі қарым - қатынасын білдіретін етістіктің түрі - етістер де кездеседі. Ескерткіштерде етістің төмендегідей төрт түрі бар: өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ.

Өздік етіс. Ескерткіштерде істі, қимылды істеушінің басқа біреу емес, тіке өзі істейтіндігін, я істегендігін білдіретін өздік етістер де кездеседі. Олар сабақты етістіктің түбіріне -н, -ын, -ін жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ өтүн-өтін, \_\_\_\_\_ атлан - аттан.

Өзгелік етіс. Ескерткіштер тілінде істің басқа біреу арқылы істелетінін білдіретін етістіктің түрі - өзгелік етістер қолданылады. Олар төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

1. -т, -ыт, -іт, елсірет - елсірет, олурт - отырт.
2. -тур, -тұр, дур, дұр, ағтур - аударт, бінтұр - міндір.
3. -ур, үр, -ыр, -ір келур - келтір, түшүр - түсір.
4. -тыз, алтыз, алғыз.

Ырықсыз етіс. Ескерткіштерде іс істеуші арнайы айтылмай, іспен байланысты зат өздігінен істелетінін білдіретін ырықсыз етістер де кездеседі. Олар тек сабақты етістіктен жасалып, -л, -ыл, -іл жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ адырыл - айрыл, \_\_\_\_\_ тіріл - тіріл.

Ортақ етіс. Ескерткіштерде іс істеуші біреу емес, бірнеше екендігін білдіретін ортақ етістер де кездеседі. Олар текстерде -уш, -үш, ус, үс жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ уруш - ұрыс, \_\_\_\_\_ йараш - жарас.

Ескерткіштер тілінде етістіктің төрт түрлі райы бар. Ашық рай текстерде істелетін істің субъектісі көрсетіліп, істің істелгенін, істеліп жатқандығын, не алдағы кезде істелетіндігін білдіреді.

Ашық райдың үш шағы бар. Осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

Бұйрық рай. Ескерткіштерде бұйрық рай II және III жақтарда айтылады. II жақ жекеше түрі етістіктің етістіктің түбірі болып есептеледі. Мысалы: \_\_\_\_\_ біл, \_\_\_\_\_ есід, (2) \_\_\_\_\_ барзын - барсын (3)

Шартты рай. Ескерткіштер тілінде шартты рай іс-әрекеттің істелу-істелмеуінің шартын білдіріп, -сар, -сер жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ ерсер-жүрсе, \_\_\_\_\_ ысар - жіберсе.

Қалау рай. Ескерткіштерде қалау рай істеушінің іске деген белгілі ықылас -ынтасын, ниетін білдіріп, төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Жекеше - айын, -ейін, -йын, -йін жұрнағы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ айтайын, \_\_\_\_\_ тегейін-тиейін. Көпше түрі -алым, -елім, -лым, -лім жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ баралым - барайық, \_\_\_\_\_ йаналым - қайтайық.

Ескерткіш тілінде есімше болған сөздер қимыл - қозғалыс, іс - әрекет түрінде ұғынылмай, сапа, белгі, қасиет түрінде ұғынылады. Есімшенің осы шағы -тачы, -течі,-дачы, -дечі жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. \_\_\_\_\_ өлтечі-өлуші, \_\_\_\_\_ қалтачы - қалушы. Есімшенің келер шағы -ур, -үр, -ар, -ер, -р жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: келүр - келер, көрүр - көрер, үкүлер -көбейер, тезер - қашар т.б. Текстерде өткен шақ есімше төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады: -мыс, -міс, -мыш, -міш, -дук, -дүк, -ған, -ген.

Көсемше ескерткіштерде негізгі етістіктердегі істің, қимылдың амалын, мезгілін, мақсатын т.б. білдіріп төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады.

1. -ып, -іп, -уп, үп, -п \_\_\_\_\_ қылып, \_\_\_\_\_ алып
2. -пан, -пен, -ыпан, -іпен \_\_\_\_\_ йорыпан - жүріп
3. -а, -е \_\_\_\_\_ уча - ұша, \_\_\_\_\_ тіке - тіге
4. -у, -ү, -йу, -йү \_\_\_\_\_ өлү - өле, \_\_\_\_\_ көрү - көре
5. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі \_\_\_\_\_ уққалы, \_\_\_\_\_ алғалы.

Орхон - Енисей жазба нұсқаларындағы ерекшелігі мен қызметі зор, өзіндік сипаты бар етістіктердің бірі - көмекші етістіктер. Ескерткіштерде көмекші етістіктер қатарына е, ерті, ертім, ті, те етістіктері жатады: бол, ал, қал, ыд, кел, көр, олур.

Текстегі етістіктер күрделі болып та қолданылады. Олар көсемше және есімше тұлғалы етістіктермен көмекші етістіктердің тіркесіп келуі арқылы жасалады. Мысалы: атлығ ерті - атты еді, есідү берті - есіте берді, йадағ ерті - жаяу еді, йоқ болты - жоқ болды. Күлі Чор секіз он йасап, йоқ болты - Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды.

Ескерткіштер тілінде үстеулер зат пен қимылдың әр түрлі сындық, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынының белгілерін білдіреді. Сөйлем ішінде үстеулер әдетте пысықтауыш болады. Морфологиялық жағынан түрленбейді, лексика - семантикалық жақтарынан ерте кездердің өздерінде-ақ қалыптаса бастаған сөз таптарының бірі.

Үстеулер өзінің морфологиялық құрылысы жағынан негізгі және туынды үстеулер болып екіге бөлінеді.

а) Негізгі үстеулер: \_\_\_\_\_ қыйын - қиын, \_\_\_\_\_ ең - ең бұрын, \_\_\_\_\_ шег - алыс, \_\_\_\_\_ үзе - үстіне, \_\_\_\_\_ ырақ - алыс, \_\_\_\_\_ қоды - төмен.

б) Туынды үстеулер. Туынды үстеулер ескерткіште төмендегі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

-ра, -ре, -ру, -рү, -ры, -рі, \_\_\_\_\_ ічре - ішке, \_\_\_\_\_ өңре - алға, \_\_\_\_\_ керү - кері, \_\_\_\_\_ бері, \_\_\_\_\_ ебру - үйге қарай, \_\_\_\_\_ удышыру - қарсы.

-йа, -йе, -ғару, -геру, -ғары, -гері \_\_\_\_\_ йысғару - қойнауға қарай, \_\_\_\_\_ йақару - жоғары қарай, \_\_\_\_\_ құрыяа - кейін.

-ча, -че, -тег: \_\_\_\_\_ терче - тердей, \_\_\_\_\_ субча - судай, \_\_\_\_\_ тағча - таудай, \_\_\_\_\_ учуктег - ұшқыштай, \_\_\_\_\_ бөрітег - бөрідей.

Ескерткіштерде кездесетін үстеулер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Мезгілдік үстеулер: \_\_\_\_\_ емті - енді, \_\_\_\_\_ түн, \_\_\_\_\_ таң, \_\_\_\_\_ күнтүз-күндіз, \_\_\_\_\_ кіче - кеш.

2. Мекендік үстеулер: \_\_\_\_\_ кері, \_\_\_\_\_ қоды - төмен, \_\_\_\_\_ ілгері, \_\_\_\_\_ ынағары - әрі, \_\_\_\_\_ анта - онда, \_\_\_\_\_ өңре - алға.

3. Сын - қимыл үстеулері: \_\_\_\_\_ ебірү - айнала, \_\_\_\_\_ едгүті - игі, \_\_\_\_\_ қатығды - қатты, \_\_\_\_\_ тегере - артқа.

4. Мөлшерлік - күшейткіш үстеулер: \_\_\_\_\_ азча - азғана, \_\_\_\_\_ терче -тершең, \_\_\_\_\_ субча - судай, \_\_\_\_\_ отча - оттай. Үстеулер әдетте сөйлем ішінде пысықтауыш болады.

Ескерткіштердегі шылаулар - дербес лексикалық мағынасы жоқ, белгілі бір заттық не сапалық ұғымды білдірмейтін сөздер. Олар мағыналы сөздердің мағыналарын толықтырып, сөйлемдегі сөздерді өзара байланыстырады. Ескерткіштердегі шылаулардың сөйлемде атқаратын қызметі мен мағыналары бірдей емес, әрқилы. Олар өз ерекшеліктеріне қарап төмендегідей топтарға бөлінеді:

Септеулік шылаулар, жалғаулық шылаулар, демеулік шылаулар.

Септеулік шылаулардың өз алдына дербес мағынасы болмайды, олар белгілі бір септік жалғаудағы сөздермен әруақыт тіркесте келеді. \_\_\_\_\_ үчүн - үшін, \_\_\_\_\_ тегі-дейін, \_\_\_\_\_ утру - қарсы, \_\_\_\_\_ кідін - кейін, \_\_\_\_\_ анта отру - содан соң.

Жалғаулық шылаулар. Ескерткіштер тілінде сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын кейбір шылаулар да кездеседі: да, де, та, те, йана, йеме.

Оғлы де қаған болмыс ерінч - Ылы да қаған болған еді. Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты - Ел және ел болды, халық және халық болды.

Демеулік шылаулар. Текстерде демеулік шылаулар көп емес, бірақ кездеседі: му, мү, мы, гү, күк. Қаған мы қысайын - қағанды қысайын ба.

Жеке түріп сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ сөйлемде адамның әр түрлі көңіл-күйін (қуану, өкіну, ренжу т.б.) білдіретін одағай сөздер де кездеседі. Ол текстерде кездесетін бір-ақ сөз: \_\_\_\_\_. Көптеген тюркологтар бұл сөзді одағай қатарына түрінде қарайды. Біз ол сөзді одағай қатарына жатқызбаймыз, оны көсемше \_\_\_\_\_ айыта сөзі түрінде оқимыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ескі түркі тіліндегі етістікке жапы сипаттама бер.
2. Ескерткіштердегі етістіктер құрамына қарай неше топқа бөлінеді
3. Ескерткіштің негізгі грамматикалық категориялары туралы не білесіз?
4. Ескерткіштердегі үстеулер құрамына қарай нешеге бөлінеді?
5. Көне түркі тілінде шылаудың қандай түрлері болған?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г. Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1986ж
2. Г. Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы
3. Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Орхон - Енисей ескерткіштерінің зерттеу тарихы мен грамматикалық очерктер. Алматы.
4. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1989ж
5. Қ.Г.А. Тіл білімі институты. Авторлар коллективі. Қазақ әдеби тілі тарихы. Алматы, 1989ж
6. Тюркологические исследование. Москва, 1976г
7. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. Москва.
8. М.Томанов. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы». Алматы, 1988 ж.

Көне түркі тілінің синтаксисі

ж о с п а р ы:

1. Ескі түркі тіліндегі сөз тіркестері.
2. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері.
3. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері.
4. Ескі түркі тіліндегі жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.
5. Құрмалас сөйлемнің түрлері.

Тірек сөздер: Ескерткіштердегі негізгі сөз тіркестері туралы түсінік, ескерткіштердегі сөздер бірнеше тәсіл арқылы байланысады, мысалы, септік жалғаулар арқылы: менің будуным, тәуелдік жалғаулары арқылы, жіктік жалғаулары арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы т.б. ескерткіштер тілінде сөздердің бес түрлі жол арқылы байланысуын көруге болады, яғни олар: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу, сөйлем мүшелері: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш, сөйлемдер жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып екіге бөлінеді, ескерткіштерде олардың өзіндік ерекшеліктері байқалады.

Ескі түркі тіліндегі сөздер белгілі бір тәртіп бойынша өзара мағыналық және тұлғалық жақтарынан бір-бірімен байланысып келеді. Олар белгілі сөз тіркестерін жасайды. Бірақ сөз тіркестерінің құрамында кездесетін сөздер әруақыт тең дәрежеде байланыспайды, бірі - екіншісіне бағынып байланысады. Осыған орай олар не салаласа, не сабақтаса тіркеседі. Мысалы, Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты - Түркі халқы өлді, әлсіреді, жоқ болды.

Ескерткіштер тіліндегі сөздер өзара бірнеше тәсіл арқылы байланысады. Олар: 1. Септік жалғаулар арқылы :Бенің будуным анта ерүр - Менің халқым сонда болады.

2. Тәуелдік жалғаулар арқылы: Екі үлүгі - екі бөлегі, Қаған інісі.

3. Жіктік жалғаулар арқылы: Арық оқсен - Аш оқтайсың.

4. Көптік жалғау арқылы: Он оқ беглері, будуны қоп келті - Он оқ бектері, халқы көп келді.

5. Шылаулар арқылы: Түрк будун үчүн түн удыматдым.

6. Сөздердің орын тәртібі арқылы: Ебін барқын - Үй - жайын жойдым. Кейде сөздердің арасындағы мағыналық байланыс интонация арқылы да жүзеге асады. Йағмысы бен ертім - Жақында дегені мен едім.

Қазақ тілінде сөздердің байланысу түрлері беске бөлінеді. Мұндай сөздердің байланыс түрлері ескерткіш тілдерінде де кездеседі. Осыған орай, ескерткіш тіліндегі фактілерге сүйене отырып, сөздердің байланысу түрлерін беске бөліп қарауға болады. Олар төмендегідей: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.

Қиысу. Қиысу - бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс. Қиысуда бастауыш қандай тұлғада тұрса, баяндауыш та сол тұлғада тұрады. Мысалы: Біз қорқмадымыз - Біз қорықпадық. Ол ат онда өлті - Ол ат сонда өлді.

Меңгеру. Ескерткіштерде өте жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бірі-меңгеру. Меңгеру негізінде баяндауыш пен толықтауыш арасында болатын байланыс. Дәлірек айтқанда, сөйлем мүшесі жағынан меңгеруші сөз баяндауыш болады да меңгерілуші сөз тура не жанама толықтауыш болады. Меңгеруде бағыныңқы мүшенің белгілі септікте тұруы шарт. Меңгеріле байланысатын етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай төмендегідей болады. Табыс жалғаулы сөз тіркестері. Табыс септіктегі сөздер сабақты етістіктермен тікелей байланысты болып келеді: Бу сабымын едгүті есід - Бұл сөзімді жақсы тыңда. Жатыс жалғаулы сөз тіркестері. Ілте буң йоқ - Елде қайғы жоқ. Шығыс жалғаулы сөз тіркестері. Басқа септіктерге қарағанда аз, бірақ кездеседі. Оғуздандан көрүг келті - Оғыздан хабаршы келді. Көмектес жалғаулы сөз тіркестері. Көзүн көрмедүк, құлакқын естімедүк - Көзімен көрмеген, құлағымен естімеген. Барыс жалғаулы сөз тіркестері. Темір қапығқа тег сүледіміз - Темір қақпаға дейін соғыстық.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда меңгеру өте ерте заманнан келе жатқан және ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын құбылыстардың бірі.

Матасу. Ескерткіштер тіліндегі сөздер байланысуының бір түрі - матасу. Мұнда ілік септігі сөзі мен тәуелдік жалғаулы сөздер бір-бірімен байланысады. Бірақ ілік септіктегі сөз бен тәуелді жалғаулы сөздердің өзара байланысу тәсілдері біркелкі емес. Олар үш топқа бөлінеді: 1 - топтағы сөз тіркестерінің екі жағыда жалғаулы болып келеді. Мысалы: Қағаның будуны - Қағанның халқы. 2 - топтағы сөздердің бірінші сыңары жалғаусыз, екінші сыңары жалғаулы болып келеді. Бен өзүм - мен өзім. 3 - топта тәуелдік жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзсіз - ақ логикалық байланыста болады: Қылмысы - қалғаны. Йағымыз - жауымыз, сүміз - әскеріміз.

Қабысу. Ескерткіштердегі сөздер бір-бірімен ешбір жалғаусыз қатар тұрып та байланысады. Қабысуда сөздер тек орын тәртібі арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысатын сөз тіркестерінің құрамы төмендегідей болады:

1. Зат есімді тіркестер. Түрк будун - түркі халық. Ілтеріс қаған.

2. Сын есімді тіркестер. Көптеген сын есімдер зат есімдермен қатар келу арқылы өзара қабыса байланысады. Олар төмендегідей: Білге Тониқуқ - Дана Тонькөк, семіз буқа.

3. Сан есімді тіркестер. Сан есімдер де зат есімдермен өзара тіркесу арқылы қабыса байланысады: Он оқ, екі сү, екі атлығ.

4. Есімдікті сөз тіркестері. Кейбір сілтеу, сұрау, есімдіктері зат есімдермен тіркесіп қабыса байланысады. Мысалы: Сол сабығ - ол сөз, ол суб - ол су, бұ сү - бұл әскер т.б.

5. Есімшелі сөз тіркестері: Йатығма тағ - жататын тау, келігме беглер - келетін бектер т.б.

6. Етістікті сөз тіркестері. Іл болты - ел болды, көре білің.

Жанасу. Мұнда пысықтауыштар етістіктен болған баяндауыштармен ешбір орын талғамай өзара байланысады. Жанасу - пысықтауыш пен баяндауыш арасында болатын байланыс. Жанаса байланысқан сөздердің сөйлемдегі орны ерікті, олар сөйлемнің басында, ортасында, ал поэзияда сөз соңында да келе береді. Ебгеру түсейін - Үйге қарай қайтайын. Қоды бардымыз - Төмен кеттік.

Сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін сөздер сөйлем мүшесі бола алады. Артық қырық аз күшліг қаған йағымыз болты - Артқы күшті қырық аз қаған жауымыз болды. Бұл сөйлемдегі қаған - бастауыш, жауымыз болды - күрделі баяндауыш, артқы күшті қырық аз - күрделі анықтауыштар. Осы сөйлемдегі сөздердің бәрі де белгілі бір сұрауға жауап беріп, сөйлем мүшелері болып тұр. Сөйлем мүшелері алдымен тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер болып, екі үлкен топқа бөлінеді.

Бастауыш. Ескерткіш тілінде бастауыш болатын сөздер, негізінде атау тұлғада тұрады. Бастауыш құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады: а) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімдерден жасалады. Оғуз келті - Оғыз келді. Түрк будун

алқынты (алқынды).б) Атауда тұрған есімдіктер бастауыш болады: Бен ебгеру түсейін - Мен үйге қарай қайтайын. в) Атау күйіндегі тәуелдік жалғаулы сөздер бастауыш болады. Өзүм табғач елінте қылынтым - Өзім табғаш елінде тәрбиелендім. Бу үчегу қабысар - Бұл үшеуі бірігер.

Баяндауыш. Ескерткіштер тілінде баяндауыш істің, қимылдың, әрекеттің иесін көрсетіп, жіктік жалғаулардың жекеше және көпше түрлерінде кездеседі. Турк будун табғачда адырылты - Түркі халқы табғашдан айрылды. Баяндауыш болатын сөздер кейде атау не тәуелді жалғаулы тұлғада тұрған барлық сөз табынан келе береді. Екі үлүгі атлығ ерті - екі бөлегі атты еді.

Толықтауыш. Текстегі барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған кейбір сөздер толықтауыш мүше болады. Толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметі мен тұлғасына қарай тура және жанама толықтауыш болып екіге бөлінеді. Ескерткіштер тілінде табыс септігінде тұрған сөздер әруақыт тура толықтауыш болады. Өйткені тура толықтауыштар заттың қимыл - процесін білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты келеді. Олардың ашық және жасырын түрлері болады. Төрт булының қысдым - Дүниенің төрт бұрышын қыстым. Сүсін анта өлтірдім - Әскерін сонда өлтірдім.

Ілік және табыс септіктен басқа септіктерде тұрған сөздердің көпшілігі жанама толықтауыш болады. Сүнігін ачдымыз - Сүнгімен аштық. Бен саңа не айайын - Мен саған не айтайын.

Анықтауыш. Текстерде анықтауыш сөйлемнің есімнен болған басқа мүшелерін анықтап, соған байланысты келеді.

1. Анықтауыштар зат есімнен жасалады: Темір қапығ-темір қақпа.

2. Ілік септікте тұрған зат есімдер мен есімдіктер анықтауыш болады. Бениң будуным анта ерүр - Менің халқым сонда болар.

3. Анықтауыш негізгі және туынды сын есімдерден жасалады: Сары алтын, қызыл қан, өрүң күмүш - ақ күміс.

Пысықтауыш. Ескерткіш тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер-үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш болады.

Пысықтауыштар мағынасына қарай төмендегідей беске бөлінеді:

1. Қимыл-сын пысықтауыш. Олар көсемшелер мен қимыл-сын үстеулерінен жасалады. Аз будының үкүш қылтым - Аз халықты көп қылдым. Қарағу едгүті Ырғыл -Күзетшіні жақсылап қой.

2. Мезгіл пысықтауыш. Текстерде мезгіл пысықтауыштар мезгіл үстеулерінен, мезгіл мәнді басқа сөздерден және тегі, кісре т.б. шылаулардың тіркесіп келуі арқылы жасалады. Қапаған қаған түн удыматы, күнтүз олурматы - Қапаған қаған түн Ыйықтамады, күндіз отырмады.

3. Себеп пысықтауыш. Олар әдетте барыс, шығыс септіктегі есімшелер мен үшін шылауымен тіркесе келген есім сөздерден жасалады. Мен өзүм қаған олуртықым үшін-Менің өзім қаған болып отырғаным үшін.

4. Мақсат пысықтауыш. Текстерде мақсат пысықтауыш істің, қимылдың, оқиғаның мақсатын білдіреді. Анта өтру қағаныма өтүнтім - Солан соң қағанымнан өтіндім.

5. Мекен пысықтауыш. Мекен пысықтауыштар істің, қимылдың, оқиғаның беталысын, орнын білдіреді. Мекен пысықтауыштар барыс, жатыс, шығыс септікте тұрған кейбір сөздерден жасалады. Біз қоды бардымыз - Біз төмен бардық. Алтун йыста олурың - Алтын тауы қойнауында отырың.

Ескерткіштерде тек бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған жалаң сөйлемдер де кездеседі. Атачым өлті - Аташым өлді. Сү келті - Әскер келді.

Бастауыш пен баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері бар жайылма сөйлемдер де кездеседі. Күлтегін қой жылының он жетісінде қайтыс болды. Түрк будун өлті - Түркі халқы өлді.

Атаулы сөйлемде баяндауыш болмайды, ол тек жалғыз бастауыштан құралады. Түн. Йағы - Жау. Күн.

Ескерткіштерде тұрлаулы сөйлемдері түгел толымды сөйлемдер де, тұрлаулы мүшелердің кейде біреуі, кейде кейде екеуі де айтылмай түсіп қалатын толымсыз сөйлемдер де ұшырайды. Анта кісре - қаңым қаған учды - Содан соң әкем қаған қайтыс болды. Бедіздім - Өрнектеттім. Анта өтүнтім - Сонда өтіндім.

Ескерткіш тілінде күрделі ойды білдіріп, мағыналары бір-біріне жақын, өзара байланысып, жай сөйлемдер арқылы тіркескен құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Олар мағынасы мен тұлғасына қарай салалас, сабақтас және аралас құрмалас болып үш салаға бөлінеді. Осыған орай құрмаласқан жай сөйлемдердің ара қатынасы біркелкі болмайды. Бірнеше жай сөйлемдер бірігіп, күрделі ойды білдіру үшін, кейде бірімен-бірі тең болып, біріне - бірі грамматикалық тұлғалар арқылы бағынбай жалғасса, екінші бірінде, мұның керісінше, біріне - бірі грамматикалық тұлғалар арқылы бағынып құрмаласады. Ал үшінші түрінде құрмалас сөйлемдер құрамына енген жай сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та, араласып та келе береді.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдер біріне -бірі бағынбай тең дәрежеде байланысады. Кейде жалғаулық арқылы, кейде жалғаулықсыз келеді. Қағаны алп ерті, айғушысы білге ерті - Қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қатынастары текстерде бір түрлі емес, әр түрлі.

Жазба нұсқалардағы сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдері салалас сөйлемдерге қарағанда көп өзгеше. Мұнда сабақтас сөйлемге енген жай сөйлемдердің бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болады. Басыңқы сөйлем негізгі ойды білдіреді, ал бағыныңқы сөйлем сол басыңқыдағы негізгі ойды айқындап тұрады. Осыған орай бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ешуақытта тұрақты болмайды, атқаратын қызметіне қарай әр түрлі болып келеді. Олардың бірі көсемшелі бағыныңқы болса, екіншісі - есімшелі, үшіншісі бірі шартты бағыныңқылы болып келеді. Ескерткіштерде сабақтас құрмалас сөйлемдердің төмендегідей түрлері

кездеседі. 1. Мезгіл бақыныңқылы сабақтас сөйлем. Ол қан жоқ болтуқда, кісре ел йітміс - Ол қан жоқ болғаннан соң,ел жітті(жоқ болды). 2. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Түрк будун олурғалы, түрк қаған олурғалы Сантун балыққа, талуй үзүгке тегміс йоқ ерті - Түркі халқы жаралғалы, түркі қаған отырғалы, Шандун қаласына, теңіз өзендеріне жетпеген еді.

3. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Теңрі күч бертүк учүн, қаған сүсі бөрі тег ерміш- Тәңрі күш бергені үшін, қаған әскері бөрідей болған еді.

4. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Күлтегін йоқ ерсер, қол өлтечі ертіміз-Күлтегін жоқ болса, көп өлуші едік.

5. Қимыл - сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Олурыпан түрк будуның ілін, төрүсүн туту бірміс, іті бірміс - (Қан болып) отырып түркі халқының елін, заңын ұстай берген, жалғастыра берген.

Ескерткіштерде сыңарлары салаласа және сабақтаса байланысқан аралас құрмалас сөйлемдер де ұшырайды. Теңрі күч бер - түк учүн, қаңым қаған сүсі өрі - тег ерміс, йағысы қой тег ерміс - Тәңірім күш бергендіктен, әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Йағы болып, ітіні умадуқ, йана ічік міс - Жау болып өзін-өзі дұрыстай алмады және бағынышты болып қалды т.б. Жоғарыда ескерткіштерден келтірілген құрмалас екі сөйлемнің екеуі де аралас құрмалас сөйлем. Олар әрі сабасқтаса, әрі салаласа байланысқан. Сондықтан олар аралас құрмалас сөйлемдер қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1986ж
2. Г.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі Алматы
3. Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Орхон - Енисей ескерткіштерінің зерттеу тарихы мен грамматикалық очерктер. Алматы.
4. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы 1989ж
5. Қ.Ғ.А.Тіл білімі институты. Авторлар коллективі. Қазақ әдеби тілі тарихы. Алматы, 1989ж
6. Тюркологические исследование. Москва, 1976г
7. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. Москва.
- 8.М.Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988 ж.